



• ДОСТЫҚ – ҰЛЫ КҮШ



Бірлік бар жерде...



Гүлназым
САҒИТОВА

Облыс орталығындағы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған студент жастардың «Бір шаңырақ астында» фестивалі болып өтті. Фестивальге облысымыздағы барлық жоғары оқу орындарының студент жастары қатысып, өздерінің өнерлерін көрсетті.

Фестиваль аясында аймақта тұрып жатқан ұлт өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрін айқындайтын көрме ұйымдастырылды. Осы іс-шараның басты мақсаты — облыста тұрып жатқан басқа ұлт пен ұлыс өкілдерінің салт-дәстүрімен, мәдени құндылықтарымен танысу арқылы этносаралық және конфессия-аралық өзара қарым-қатынасты нығайтуға бағыттау, оларды зерттеу, толеранттылықты нығайту, жастар арасында ұлтаралық қар-

ым-қатынас жүйесін қалыптастыру. Тәуелсіздігіміздің осынша жылдар аралығында Қазақстан халқы достық мен келісімнің, тұрақтылықтың, этносаралық және конфессияаралық татулықтың шынайы үлгісін көрсетіп отыр. Қазақ атамыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтпаған болар.

12-бет

СУРЕТТЕ: фестивальден көрініс.
Суретті түсірген: Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

• ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Заңсыз сауда бәсекеге жатпайды

Махаббат
БЕКБАЕВА

Облыстың сауда нүктелерін Ресейден арзанға әкелінген сапасы төмен тауарлар жайлап барады. Ал олардың мемлекеттік стандарттарға сай екендігін тексеруге мүмкіндік жоқ. Шағын және орта бизнесті тексеруге жарияланған мораторий құзырлы мекеменің қолын байлап отыр. Кәсіпкерлермен кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізіп, түсінік жүргізуден басқа амал қалмай отыр. Облыс әкімдігінде өткен аппарат жиналысында отандық өнімге сұранысты арттыру және заңсыз тауарларға тосқауыл қою мәселесі қаралды.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің директоры Жолдасбек Арапбаевтың айтуынша, мораторийге дейін жүргізілген тексерулер нәтижесінде сапа сертификатынсыз, мемлекеттік тілдегі таңбасыз саудаға шыққан өнімдер анықталған.

2-бет

Баспасөз – 2015

"Қостанай таңы" – сенің газетің оған 2015 жылдың екінші жартысына жазылу басталды

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет "Ақшам" қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы жыл басынан өзгеріссіз қалады, яғни:
— жеке оқырмандарға жазылу бағасы:
6 айға — 1900 теңге.
— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
6 айға — 2100 теңге.
— Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:
6 айға — 1750 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Қостанайские новости"



газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54679

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54680

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54681

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54682

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54683

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54684

"Байтұрсынов оқулары—2015"

Гүлназым
САҒИТОВА

Міне, осындай атпен облыс орталығындағы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемуниверситетінде халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Конференцияның тақырыбы "Нұрлы жол" даму бағдарламасы: білім-ғылым-өндіріс" деп аталды. Жиынға қатысқан еліміздің, шетелдің одан қала берді өңіріміздегі жоғары оқу орындарының ғалым-профессорлары, ғылыми-педагогика мамандары білім саласына қатысты мәселелерді жан-жақты талқылады. Конференцияның пленарлық отырысында баяндама жасаған Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының ғылыми қызметкері А.Шакинова, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемуниверситетінің ректоры А.Наметов, облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің директоры Б.Даумова, Челябин мемуниверситетінің ғалым-профессоры Л.Нефедова және тағы басқалар білім, ғылым саласына қатысты, мәселен, еліміздің индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын оңтайлы жүзеге асырудың негізі – жаңа формацияда мамандар даярлау, Қазақстандағы білім беру саласындағы экологизацияның халықаралық мазмұны, еңбек нарығының сұранысымен жоғары және орта білім беру интеграциясын және үздіксіз білім беру моделін ынтымақтастыру, қоғамды әлеуметтік-экономикалық жетілдіру контекстіндегі Қостанай облысындағы білім беру саласының инновациялық әлеуметі туралы айтып өтті.

Конференция аясында бірнеше мысалы, "Жоғары мектепте білім беру үдерісінің өзекті мәселелері" дөңгелек үстел, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналып "Заманауи әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі жеке тұлға" деп аталатын онлайн-семинар, "Бала мен ата-ананың қарым-қатынас жұмысы" психология бойынша шеберлік сыныбы (ресейлік мамандар) шаралары ұйымдастырылды. Сонымен қатар жиынға қатысушылар бірнеше секцияға бөлініп, заң ғылымдарының, әлеуметтік-гуманитарлық білім берудің өзекті мәселелері, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы заманауи үрдіс, ақпараттық технологияның даму болашағы, Қазақстандағы агро-өнеркәсіптік кешен, жаратылыстану ғылымының негізгі дамуы секілді тақырыптарда баяндамалар оқып талқылады, өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

● САЙЛАУ—2015

Бақылау. Қадағалау. Кедергі жасамау.

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Бұл – сайлау өтетін күнгі бақылаушылардың басты міндеті. Алдағы өтетін саяси науқан алдында Қостанай облысы бойынша "ҚР-дағы сайлауды бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия" РҚБ жанындағы бақылаушылармен жұмыс орталығы арнайы семинар өткізді. Жиын өңірдегі барлық аудан-қалалардың бақылаушыларды үйлестірушілердің басын қосты.

Сайлауды бақылау комиссиясы тәуелсіздік алған жылдардан бастап қызмет етіп келе жатқан институт болғандықтан, оның міндеттері айқын. Өңірімізде бақылаушылар желісі құрылып, оған барлық сайлау учаскелерінің санына байланысты 847 мүше қабылданды. Ал аймағымыздың әр аудан-қаласында бақылаушылардың қызметін қадағалайтын үйлестірушілер бар. Бұл туралы "ҚР-дағы сайлауды бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия" РҚБ өңірлік бақылаушылармен жұмыс орталығының төрайымы Тамара Жақыпова айтып берді:

– Біз бүгін үйлестірушілердің басын қосып, сайлау-

дың бастан-аяқ өту заңдылығын түсіндіру мақсатында семинар өткізіп отырмыз. Облыс орталығында арнайы оқудан өткен соң, өз өңірлерінде осы жөнінде түсіндіреді. Әдістемелік материалдар дайындап жасадық. Тренингтер өткіземіз. Бақылаушылар сайлау өтіп жатқанда, өз міндеттерімен қатар қандай мәселелерге тап болуы мүмкін, ол жағы да назарда болады. Ең бастысы, бақылаушылар еліміздің сайлау туралы заңында көрсетілген барлық талап-ережелерді мұқият сақтаулары қажет. Егер бақылаушылар қандай да бір өрескелдік байқаса, ол жөнінде акт толтырады. Заң бұзушылық дәлелді болу керек. Ал нақты бұлтартпас айғақпен толтырылған өрескелдік туралы актіге сол жердегі басқа да бақылаушылар қол қояды. Осы құжат орталық сайлау комиссиясына жіберіліп, сол жақта қаралады.

Бақылаушының міндеті зор. Ол барлық сайлаушылар, дауыс саны туралы мәліметті біліп отыру керек. Дауыс салынған жәшіктерді тасымалдау кезінде бірге болуға міндетті. Қандай да бір өрескелдікке қарсы наразылық білдіре алады.

Т.Жақыпова бақылаушыларды іріктеу үшін олардың

жұмысқа жауапкершілігіне, белсенділігіне, тәжірибесіне баса назар аударылады дейді. Өйткені бұл жолғы бақылаушылар арасында бұған дейін де осы миссияны атқарғандармен бірге, алғаш рет қатысып отырғандары бар. Солардың бірі – Аманкелді ауданының өкілі Ботагөз Темірбай. Аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы мұндай саяси науқанда барлық талап-ережені сақтап, өз міндетін заң шеңберінде орындауға бар күшін салатынын айтты:

– Үстіміздегі жылдың 26 наурызынан бастап сайлауға дайындық жұмыстарына кірісіп кеттік. Жалпы Аманкелді ауданы бойынша 32 сайлау учаскесі бар. Оларға бақылаушылар бекітіліп, өздерінің міндеттері түсіндіріліп, атқаратын жұмыстары жүктелді. Облыстық сайлау комиссиясының өкілдері барып, дайындық жұмыстарымен танысып кетті. Сонымен бірге қазіргі таңда барлық учаскелер сайлауға қатысты жабдықталып жатыр.

Семинар барысында бақылаушының барлық міндеттері жөнінде дәріс оқылды, мамандар өз ойларымен бөлісіп, сұрақ-жауаптар болды. Қатысушыларға куәліктер, әдістемелік материалдар мен дискілер берілді.

Заңсыз сауда бәсекеге жатпайды

1-бет


Бұл кемшіліктер үшін 10 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 1 миллион теңгеден артық айыппұл салынған және 5 миллион 706 мың теңгенің тауары сауда айналымынан алынған.

Ал енді департамент тек заңды немесе жеке тұлғаның шағымы бойынша ғана тексеру жүргізе алады. Жыл басынан бері аталмыш департаментке сатып алған өнімге көңілі толмаған 3 жеке тұлғаның шағымы түскен екен. Облыс әкімі Нұралы Садуақасов бұл көрсеткіш жұмыс нәтижесі емес дейді. Арзан өнім алып, сан соғып қалғандар әлдеқайда көп. Сондықтан тұтынушылардың өз құқықтарын қорғауға деген белсенділігін арттыру қажеттігін қадап тапсырды.

Ресейлік кәсіпкерлер пиғылы теріс бәсекелестікке түсіпті. Әр түрлі заңға қайшы келетін айла тәсілдерді қолданып, қазақстандық сөрелерді жаулап алуда деп баяндады Қостанай облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаментінің басшысы Мәлік Мадияров. Көрші елдің кәсіпкерлері әдейілеп бағаны түсіруді қолға алған. Елімізге әкелінген кейбір тауарлар Ресейдің Челябин қаласындағы бағадан да арзан болып шықты. Енді бірі өздерінің сапасы сын көтермейтін өнімдеріне танымал сауда маркаларды жабыстырып алып, нарықты жаулап алуда.

Ал арзанның соңына түскен қарапайым тұтынушы сапасыз зат сатып алып, өз елінің экономикасына залал келтіріп, басқа біреудің қалтасын қомпайтуда.

Аппараттық жиналыста Нұралы Садуақасов құрамына оның орынбасарлары кіретін ведомствоаралық комиссия құруды тапсырды. Және оған облыс сөрелеріндегі тауардың заңды әрі сапалы болуын қадағалауды жүктеді.



Үлкенге құрмет көрсетті

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Ұлы Жеңістің жетпіс жылдығы биылғы маңызды мерекенің бірі екені көпке мәлім. Атаулы күн жақындаған сайын жер-жерде ауқымды шаралар ұйымдастырылып жатыр. Соның бірі ретінде Қостанай облыстық прокуратурасындағы «Ашық есік күні» іс-шарасын айтуға болатындай.

Аталмыш шараға өңірдегі студенттер мен прокуратура органдарының ардагерлері қатысты. Жастар облыс прокуратурасының мұражайын аралап, аға буынның әңгімесін ұйып тыңдады.

— Биылғы жылы ҰОС-ның ардагерлері мен жесірлеріне көмек көрсетуді қолға алып отырмыз. Өңіріміздегі прокуратура қызметкерлері ардагерлер қорына бір күндік жалақыларын аударды. Яғни 1 400 000 теңге соммасында қаржы жиналды. Біздің ардагерлерге деген құрметіміз мұнымен бітпейді, — дейді Қостанай облысы прокуроры-

ның орынбасары Серік Әбденев.

Облыс аумағындағы прокуратура органдары соғыс ардагерлеріне қамқорлық көрсетуде қалыс қалып жатқан жоқ. Мәселен, аудандық прокуратураның көмегімен Денисов ауданының тұрғыны, Н.Зима есімді ардагердің жеке меншік көлігі есептен шығарылды. Аталған ардагер 2012 жылдан бері меншігіндегі москвич көлігін есептен шығара алмай, әлек болған. Салық комитетінің хабарламасы мезі еткен соң, құқық қорғау органдарынан көмек сұрайды. Нәтижесінде, ардагердің тілегі қабыл болып, көлік есептен шығарылды. Сондай-ақ Меңдіқара ауданында А.Рыбалко есімді соғыс ардагерінің жесірі өзінің соғыс туралы жазбаларын жергілікті газетке жариялауға көмек беруін сұраған. Аудандық прокуратураның көмегімен қарт ананың да өтініші орындалды. Майдан туралы жазба жергілікті «Меңдіқара үні» газетіне жарияланды.

Еліміздегі жеңілдетілген несиemen берілетін көліктер

Ұлттық қордың есебінен отандық автоөндірісті қолдау мақсатына бөлінген 20 млрд теңгенің 15 миллиарды Қазақстанда жиналған 55 көлік маркасының несиесіне берілетін болады.



Бұл туралы «Қазақстан даму банкінің» басқарма төрағасы Болат Жәмішев мәлімдеді деп хабарлады 7kun.kz.

20 сәуірден бастап отандық автокөлікті несиe арқылы алудың тиімді пайыздық мөлшерлемесі 7,5%-ды құрайтын болады.

Республика экономикасын модернизациялау жөніндегі мемлекеттік комиссия бекіткен банктер тізіміне Қазақстанның Халық банкі (4 млрд теңге), Еуразиялық банк (3 млрд теңге), Сбербанк Қазақстан (2 млрд теңге), Банк ЦентрКредит (2 млрд теңге), АТФ Банк (2 млрд теңге) және ForteBank (2 млрд теңге) енді.

Ал жеңілдетілген несиemen берілетін көліктерге келесі 55 маркалар кірді: Chevrolet Aveo; Chevrolet Captiva; Chevrolet Cruze; Chevrolet Malibu; Chevrolet Orlando; Chevrolet Tracker; KIA Carens; KIA Ceed; KIA Cerato; KIA Cadenza; KIA Optima; KIA Picanto; KIA Rio; KIA Carnival; KIA Sorento; KIA Soul; KIA Sportage; LADA 21214; Škoda Octavia; Škoda Rapid; Škoda Superb; Škoda Yeti; Hyundai Tucson; Hyundai Elantra; Hyundai Sonata; Hyundai SantaFe; Hyundai i-30; SsangYong Kyron; SsangYong New Actyon; SsangYong Actyon Sports;

SsangYong Rexton; SsangYong Nomad; SsangYong C150; SsangYong Tivoli; JAC A20; JAC J4; JAC J5; JAC S3; JAC S5; JAC J6; JAC M5; Peugeot 408; Peugeot 301; Peugeot 508; Peugeot 3008; Peugeot 2008; Peugeot Partner VP Tepee; Geely CK; Geely GC 6; Geely MK-CROSS; Geely SC-7; Geely GC-7; Geely Emgrand E7; Geely Emgrand GX-7; ZAZ Chance.

Қазақстандық автобизнес ассоциациясының президенті Андрей Лаврентьевтің айтуынша, қазіргі уақытта ең арзан автоне-сиенің мөлшерлемесі 18%.

«Қазір қазақстандық нарықта 10 көліктің алтауы несиe арқылы сатылады. Бұл ретте аталған мемлекеттік бағдарлама бірнеше бағыт бойынша өз пайдасын тигізе алады. Отандық автоөндіріс те дамиды, тұтынушы да ұтады. Тиімді пайыздық мөлшерлемесі 7,5%, барлық сақтандыру төлемдері ескерілген несиemen жаңа көлік алуға болады», — дейді ол.

Жеке тұлғаларды несиелендіру келесі талаптар арқылы жүреді:

Номинал сыйақы мөлшерлемесі 4%-дан аспауы қажет, жылдық тиімді мөлшерлемесі 7,5%-дан аспауы қажет (бұған

КАСКО бойынша сақтандыру және автокөлікті кепілге рәсімдеу бойынша шығындар да кіреді), несиенің берілетін мерзімі 5 жылдан аспауы қажет, несиe валютасы — теңге, бір көліктің бағасы 5,6 млн теңгеден аспауы керек. Сондай-ақ, міндетті алғашқы жарна сатылатын көліктің 20%-нан аспауы қажет.

Қалған 5 млрд теңге ҚДБ-ның еншілес компаниясы «ҚДБ-Лизинг» арқылы лизингке арнайы бағыттағы автокөлік пен автотехника алатын (ауыл шаруашылығы техникасынан басқа) заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді қаржыландыруға бағытталады.

Оның талаптары келесідей:

Лизинг мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін, номинал сыйақы мөлшерлемесі 4%-дан аспауы қажет, қаржыландыру валютасы — теңге, лизинг бойынша алғашқы жарна алынатын техника құнының 30%-ы, негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдік мерзімі — 6 ай, қосымша шығындар (сақтандыру, қызмет көрсету және агенттік қызметі) лизиналушының есебінен.

Аталған мемлекеттік бағдарлама «Нұрлы Жол» президент бастамасының аясында жүзеге асырылады.

Тобыл Торғай Тынысы

«Бір ағаш кессең, он тал ек»

Қарасу. «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күніне» орай қарасулықтар 753 жас көшет отырғызды. Бұл акцияға 19 ауыл және ауылдық округтер ат салысты. Шараның басты мақсаты — барша қазақстандықтарды табиғатты аялауға шақыру, елдімекендердің маңын жасыл желекке малындыру, сондай-ақ, орман-тоғайларды қалпына келтіру.

Жарайсың, жас спортшы!

Жанкелдин. Торғайдың төл перзенті, ауданның спорт саласының дамуына үлес қосып, жас та болса қазақ күресіне өзіндік қолтанбасын қалдырған, облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы, спорт шеберлігіне үміткер Сағындық Әшім жоғарғы кәсіптік шеберлігі мен қазақ күресін дамыту жолында сіңірген айрықша еңбегі үшін арнайы дипломмен марапатталып, «Озық адамдар» халықаралық энциклопедиясына есімі енді.

Номинаттар қатарында

Алтынсарин. Астана қаласында өткен республикалық балалар өнерінің фестиваліне Докучаев орта мектебінің балалар қуыршақтар театры қатысты. Фестивальға қатысушылар қазақ ертегілерінен бастап орыс, шетел классикасының туындыларына дейін қойды. Докучаев орта мектебінің балалар қуыршақтар театры көрермендер назарына «Барша халықты қонаққа шақырамыз!» авторлық спектакль ұсынды. Фестиваль қорытындысында театр «Үздік хореография!» номинациясымен марапатталды.

Жалпыхалықтық сенбілік өтеді

Облыста. 25 сәуір күні облыс аумағында жалпыхалықтық сенбілік өтеді. Бұл туралы облыс әкімі Н.Садуақасов мәлімдеді. Ол өңір тұрғындарын барлық елдімекендерді қыс бойғы күл-қоқыстан арылтып, аулаларды тазартуға шақырды. «Барлығымыз бір кісідей жұмылып, іске кірісейік. Сонда ғана біздің облыс көрікті, таза көрінеді», — деп атап өтті аймақ басшысы.

«Бақытым — тілім менің..»

Ұзынкөл. Тілдерді оқыту орталығының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы Роза Қожанованың ұйымдастыруымен аудандық кітапханада есімдері жыр сүйетін қауымға танымал Мұқағали Мақатаев, Мұқтар Шаханов, Тұманбай Молдағалиев сынды белгілі ақындарымыздың шығармашылығына арналған әдеби кеш болып өтті. Кешке әдебиет пен мәдениетке жақын оқырмандармен қатар қазақ тілін үйренемін деген өзге ұлт балалары атап айтқанда, №2 Ұзынкөл орта мектебінің оқушылары қатысты. Кеш аясында әдебиет сүйер қауым ақындарымыздың шығармашылығымен танысты. Ал кешке қатысушылар болса ақиық ақындарымыздың өздері білетін өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіре оқыды.

Қарағандылықтарға азық-түлік жіберіледі

Облыста. Біздің өңір су тасқынынан зардап шеккен қарағандылықтарға 100 тоннаға жуық азық-түлік жөнелтпекші. Бұл жайында облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов мәлімдеді.

Қарағандылықтар әсіресе, ұн, көкөніс және макарон өнімдерін күтіп алмақ.

Табиғи апат кезінде 10 мыңға жуық адам құтқарылып, 2000-ға тарта үй, 35 ауылды су басқан. Еліміздің әр өңірінен қарағандылықтарға көмек көрсетілуде.



● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

ӘР ХАТТА – ЕРЛІК ШЕЖІРЕСІ

Жібектің жауынгер ұлдары

Ыдырысов
ТөлеубайЫдырысов
ЖанұзақЫдырысов
БайзақЫдырысов
Кеңбейіл

Сайын даланың саф ауасымен тыныстап, мөлдір суымен сусынын қандырған, еркелей айналаған майда желімен жарыса жүгіріп, гүлін теріп, десте тағынған Қозы Көрпеш-Баян сұлу. Қыз Жібек-Төлеген, қос ғашық Сарымойын мен Данабике сынды аңыз-хиссалармен өресін толтыра өскен арманшыл жасөспірім, айдай толысқан он алты жасында Жібек атты аруға айналып, қалай отбасын құрып, балалы-шағалы болғанын да сезбей қалды. Құдай қосқан қосағы Ыдырыс жуас, біртоға, қақ-соқпен ісі жоқ азғантай шаруасын дөңгелете жүргізген отағасы болды. Дүниеге тұңғышы Кеңбейілмен бірге келген қуаныштың соңы патшалық үкіметтің Столыпин реформасы атты саясатының қиястығына ұласты. "Сені елден кетірген лашын құстың тепкені", деп Махамбет жырлағандай ата қонысын тастап ағайындарды жағалауға тура келді. Құдай берерін тауыспаған жерде тұңғыштарына ілесе Байыл, Сейіл, Байзақ, Жанұзақ, Төлеубай атты ұлдары дүниеге есігін ашты. Жастай шетінеген Байылы болмаса қалғаны ел сыйлаған, елін қадірлеген жігіттер болып өсті. Бір зерделі кісінің "үкімет керек адамды өзі тауып алады" дегендейіндей, жас кеңес өкіметі Кеңбейілдің өсіп жетілуі мұң екен атқамінер қатарына қосып, ұядан ұшқан қыран құсатып қияға тартты. Ауатком қызметкері, бірнеше ұжымшар төрағасы болды, адамгершілігімен ел сүйіспеншілігіне ие болды. Сейіл болса жасынан өнер мен серілікті серік етіп, домбырасын жанынан тастамайтын. Әсіресе, ән айтқанда әсем дауысы сыңғырлаған мінсіз, ерекше-тұғын. Аң аулап, құс атқанды жақсы көретін-ді. Тіл-көз қойсын ба, отбасын құрмастан жастай қайтты. Байзағы үздік оқушы есебінде Орынбор орыс мектебіне жолдама алып, кейіннен Ақтөбе мұғалімдер институтын аяқтап Жаманқала маңында мұғалім болды. Жанұзақ нағыз жауынгер болып туған жан еді, екі иығы тік, сындарлы тұлғалы, өр мінезді, ауыл молдасынан діни сауат алған ол діншілдігімен ерекшеленді. Аға-інілері қызмет бабымен жан-жаққа кеткенде шешесіне тірек болып, отбасына ие болып қалған осы Жанұзақ еді. Төлеубай тумысынан білімге құштар, оқуға бейім болды. Шешесінің айтуы бойынша таңертеңнен көшке дейін терезе алдында кітап оқумен жалықпайтын көрінеді. Отызыншы жылдардың аяғында шығып тұрған Аманкелді аудандық газетінде мектепті үздік бітіріп, алтын медальға ұсынылғандығы және Мәскеуге баруға жолдама берілгендігі жөнінде жарияланған мақала аудан архивінде өлі сақтаулы екен. Соғыс жылдарының алдында батыр баласы Рамазанмен кездесіп, қадірлі дос болғанын өзінің "Жалынды жылдар" атты Ұлы Отан соғысына арнаған еңбегінде жазып кетті.

Осындай жігіттері бар Жібекті балалары әжелері Дәрбикенің ықпалымен атын атап Жібек деп кетті. Балаларына үкіметтің оң көзбен қарағанына қарамастан кешегі патша атқамінерлері мен

бай-байшекеш отбасыларының мүшелерінің амандықтары үшін себесінін тигіземін деп жүріп елден шығандап кетіп, бой тасалауына тура келген кездері де болды. Аштық жылдарының ауыртпалығы, солақай саясат қысастағы да ел ішіне әсерін тигізбей қоймады, жетім-жесір көбейді. Сондай отбасы балалары Жібек бауырынан пана тапты, жан басын Шомақ, Қасқырбай сынды ағайын балалары толықтырды. Ел есін жия бастаған тұста "соғыс" атты суық хабар да жетті.

Бірінші болып майданға аттанған Байзақ еді. Ол 1939 жылдың өзінде-ақ әскер қатарына шақырылған, ал 1941 жылдың күзінде Ельня қаласы үшін кескілескен ұрыстарға қатысуына тура келді. Бұл қарулы күштердің ес жиып өнтелеген жауға тойтарыс беруге барынша қарсыласқан кезі еді. Алғашқы гвардиялық полктер де құрылған сәт-тұғын. Танкіші қатарында бастаған ол соғыста жаяу әскердің взвод командирі болып жүргенінде жарақат алды, соғысқа жарамсыз деп танылғаннан кейін, 1943 жылы елге қайтуына тура келді. Екінші болып майданға аттанған Жанұзақ жалынды жаңған жан – 1942 жылдың 22 наурызында Курск облысының Дубровка селосы үшін ұрыста ерлікпен қаза табады. Адам ресурсының шамалана бастағанын сезген үкімет ұжымшар төрағасы болып ел басқарып отырған Кеңбейілді де тыныш қалдырмай Қостанайға облыстық бюроға келген жерінен алдыңғы шепке аттандырып жібереді. Асыл өр 1943 жылдың 22 қазанында Ворошиловград облысының Светогорск станциясы үшін ұрыста ерлікпен көз жұмды. Қара жамылған ананың қасіреті шексіз болды. Кейін кенже баласы Мұсағали өкесінің мәңгілік көз жұмған орнын тауып, туған елден бір уыс топырақ жеткізіп қабір үстіне бұйырты. Ағаларының соның ала майданға аттанған лейтенант атағымен елге оралған Шомақ, ержүрек ерлер Қасқырбай, Төлеубай ел үшін етігімен су кешіп, бабалар жолымен жаумен бетпе-бет айқасып, дұшпанын күйреткенше алысты, олар қазақ жауынгерінің абыройын әлемге асқақтата жайған кейпінде, жеңімпаз ретінде елге оралды. Жеңісті жақындатқан Жібектің жеңімпаз жалынды жаңған жауынгер жігіттері бейбіт күндері ел болашағы үшін аянбай еңбек етті. Жібектің кенжесі Төлеубай кешегі қазақтың марғасқа жазушыларымен иық тіресе еңбек етіп, "қазақ журналистикасының қара нары" атанып, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мәдениет қызметкері атағымен тәуелсіздікке тура бір жыл қалғанда дүниеден озды. Ал Байзақ, Шомақ, Қасқырбайлар сол бабалар армандаған азаттықтың ақ таңын өз көздерімен көріп, ұрпақ, ел болашағы үшін алаңдамай бейбіт заманда мәңгілік сапарға аттанды.

Иса ЫДЫРЫСОВ.

Глазунов ауылы,
Қостанай ауданы.

Әжелердің айтары бар



Жыл басынан бері аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұжымы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған "Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады!.." айдарымен мәдени көпшілік іс-шараларын жоспарлы түрде өткізіп келеді.

Тылда еңбек етіп, әйел заты болса да өгіз айдап, соқамен жер жырттып, қара жұмыстың небір түрін атқарған аналарымыз, бүгінгі таңда бір-бір шаңырақтың ұйтқысы болып, отбасының берекесін сақтап отырған ардақты жандар Исабекова Құндызай, Жүнісова Несіп, Сүйесінова Базаркүл әжелеріміз кездесу кешінің қадірлі қонақтары болды.

Кеш аясында кітапханашы Сәуле Алматова Жеңістің 70 жылдығының құрметіне орайластырған кітап көрмесімен

таныстырды.

Кеш қонақтары сұрапыл соғыста қиындықты мойымай, қайта жігерленіп, намыс үшін бойларына күш-қайраттарын жиып, тынымсыз еңбек жасағандарын айтып, кеңінен әңгімелерін өрбітті. Тіпті түнде шырты ұйқыда жатып, жарылған снарядтардың дауысынан оянып, жандарын шүберекке түйген кездерін де жасырмады. Бейбіт күнде әні мен сөні жарасып, ынтымақ пен бірліктің дәмін татқан жас ұрпақтың басына соғыстың қара бұлты төнбесін деп аналық тілектерін де жеткізді.

Аталмыш кітапхананың әдіскері Ғализа Әбдірахманова бейнеттің зейнетін көріп отырған кеш қонақтарына алғыс білдіріп, естелік сыйлықтар табыстады. Соңынан естелік суреттерге түсті.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.
Жанкелдин ауданы.

● ҰРПАҚ МАҚТАНЫШЫ

Менің атам – майдангер

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы жақындаған сайын атам туралы көп ойлайтын болдым.

Атам Дүйсенбай Байғожин 1911 жылдың 3 наурыз күні бұрынғы Қараторғай болысына (қазіргі Қостанай облысының Аманкелді ауданы) қарасты №4 Елтай ауылдық кеңесінің Жаңа-тұрмыс бөлімшесінде дүниеге келген. Жас күнінде арабша оқып, сауатын ашқан.

1942 жылы 15-ші тамызда әскерге алынып, Шұбаркөлде алғашқы дайындықтан өтеді. Соғыста 482-ші танктерге қарсы артиллерия полкінде 76 мм зеңбірек көздеушісі болады.

Атам IV Украина, III Беларусь, II Прибалтика майдандарында Ростов қаласын, Қырымды, Беларусьті азат етуге қатысқан. Майданда көрсеткен ерлігі үшін I дәрежелі "Отан соғысы" орденімен және "Ерлігі үшін" басқа да көптеген медальдармен марапатталған. 1943 жылдың қаңтар айына дейін Краков қаласындағы госпитальда емделіп, II топтағы мүгедек болып елге оралды.



Елге келгеннен кейін колхоз шаруасына қайта араласып, қашан зейнеткерлікке шыққанша бригадир, ферма меңгерушісі т.б. жұмыстар атқарады.

Отбасында бес бала тәрбиеленіп, өсірген. Ғасырға жақын өмір сүріп, 95 жасында дүниеге салды.

Мен атамды мақтан тұтамын. Ол Ұлы Жеңіске үлес қосты.

Тоғжан ШЫҒЫСҚЫЗЫ,
майдангердің шөбересі,
Восточный орта мектебінің
8-сынып оқушысы.
Арқалық қаласы.

"Сақтаулы менде сан хат бар...?"

А.Иманов атындағы мемориалдық мұражайы қорындағы фотоқұжаттарда бірнеше майдангер хаттары сақталған. Хат жолдары соғыс жағдайы мен тыл өмірін, армия мен халықтың тығыз байланысын, отансүйгіштікті паш етеді. Олардың жас өмірі өз отбасы мен Отаны, халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігі жолында соғыспен тұспа-тұс келді.

Аманкелділік Байтеміров Хамидің (10.11.1943ж.), Байтеміров Досмағанбеттің (12.04.1942) от пен оқтың ортасында ағасы Байтеміров Махмутқа жазған сарғайған хаттары сақталған. Сарбаздан келген соңғы хат... сұрапыл соғысқа кіріп бара жатып жазды ма екен?! Бәлкім, қан майданның ортасынан кері шықпасын сезді ме екен?!

Амандық хат!

Қымбатты туысқандар: Жакен, Бибіжамал, Хабдрахман, Өміржан, Сағила, Хатима, Махмет. Дендерің сау, аман бар шығарсыңдар.

Өзім де аман, денім сау, сырқаудан тәуір болды деп қарап, денсаулығы жақсы деп тауып, тағы пронтқа жіберді. 18.01 күні кешкі сағат 8-де пойызға мінем, алла оң жолын берсе...

Жаман айтпай жақсы жоқ. Далада қалып қоямын ба деп қорқамын.

Досмағамбет.



Жыл өткен сайын сұрапыл соғыстың куәгерлері, қаһармандары сиреп барады. 70 жыл өтсе де адамзат тарихында елі мен жерін қорғаған батырлардың ерлігі мәңгі есте сақталады. Сондай сарғайған хаттар-



дың бір тобы 1943-1945 ж.ж. Аманкелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сәлімгерей Тоқтамысовтың мұражайдағы жеке құжаттық қорынан алынды. Соғысқа дейін қызметтес болған замандастары, Ұлы Отан соғысы жауынгерлері Жұқатай Досанов (15.04.1945ж.), Асқар Жұманов (12.12.1944ж.), Ғабдол-

ла Керменбаев, Жабағы Ғабдуллин, Сарқантай Досмағанбетов (17.04.1945ж.), Баяхмет Енсебаевтардың (13.04.1945ж.) жауған оқ пен жарылған мина арасында окопта жазған хаттары майдан туралы сыр шертеді.

Жерлесіміз Ұлы Отан соғысының ардагері Жұқатай Досановтың аудан басшыларына жазған хатында "...Біз тылдың Отан соғысы кезінде қалай жұмыс істеп жатқанына күн сайын танысып отырамыз. Оның ішінде қазақстандықтардың тылдан фронтқа қажымай, талмай ерлікпен көрсеткен көмектерін естігенімізде көп қуанышқа ие боламыз..."

Өзімнің түлеп, өскен жерім Аманкелді ауданында сіздер ие болған табысқа менің қуанышымды сіздерге айтуға ауыз жетпейді", - деп өзінің ризалығын білдірген.

Елге сағынышқа толы жолданған солдат хаттарының әрқайсысы жауынгердің айшықты өмірбаяны секілді. Майдан даласында қандай қиындықпен бетпелет келді. Ажал оғынан қалай айналып өтті. Бәрі-бәрі қамтылған.

К.АБЖАНОВА,

А.Иманов атындағы мемориалдық мұражайдың аға ғылыми қызметкері.

СУРЕТТЕРДЕ: жауынгер Байтеміров Хами және үшбұрышты солдат хаттары.

АТАМ мен ӘЖЕМ



Мен бұл әңгімені әжем Мәдина Шағалиқызының аузынан жазып алған едім. Әжемнің жасы бүгінде 85-ке келді. Кешегі аласапыран заманда Ұлы Отан соғысы әр үйге, әр отбасына жазылмас жара қалдырды. Сол алапат соғыстан елге аман-есен оралғандардың бірі – біздің атамыз Ержан Тұяқбайұлы. Ол кісі 1918 жылдың 22 шілдесінде қазіргі Ұзынкөл ауданының Иван-Ровный (Кировский) ауылында дүниеге келген. Атамыздың туған-туыстары кешегі саяси қуғын-сүргін жылдары Ресейге жер аударылған көрінеді. Жеті жасынан әке-шешесінен жетім қалған. Бастарына қиындық түскен соң ағасы, қарындасы үшеуі бір-бірінен айырылып, атамыз көшеде бұзық балаларға қосылып кеткен. Сталиндік заманда ондай төртіп бұзған балаларды ұстап, балалар үйіне тапсыратын болған. Атамыз да төрт жыл мемлекеттік балалар үйінде болған екен. 1938 жылы 18 жасқа толғанда, Уссури-Примор аймағына әскерге аттанған. Әскерде танкистің 6 айлық оқуын оқыған. Әскери борышын өтеп жүргенде, елге келместен 1941 жылы соғысқа кеткен. Соғыста Сталинградтан Кенигсбергке дейін шайқасқан. 1945 жылы боранды ақпан айында Кенигсберг қаласын алар кезде, аяғына снаряд тиіп, қатты жараланады. Горький қаласында 8 ай бойы госпитальда ем алып, сонда жеңісті қарсы алған



көрінеді. Сауығып шыққан соң елге келеді. Атамыз қан майданда көрсеткен ерлігі үшін "Қызыл жұлдыз" және II, III-ші дәрежелі "Даңқ" ордендерімен, сондай-ақ, бірнеше медальдармен марапатталған. Колхоздың малын бағып абыройлы жұмыс істеген ол кісінің еңбегі де елеусіз қалған жоқ, "Еңбек даңқы" және Ленин ордендерімен марапатталды.

Атамыз 1948 жылы әжеміз Мәдинаға қосылып, отау құрған. Әжеміз де соғыс уақытында үлкендермен бірдей күн-түн демей колхозда жұмыс істепті. Бұл еңбегі үшін медальмен марапатталған. Атамыз бен әжеміз дүниеге үш ұл, бес қыз әкелген. Ержан атамиз 1990 жылы, Қорған облысы, Белозер ауданында дүние салған. Әжеміз ұл-қыздарымен 1994 жылы Қазақстанға, яғни Меңдіқара ауданының Степанов селосына көшіп келеді. Екі қызы Ресейде тұрмыста. Бұл күнде әжеміз сегіз немере, бір шөбере, он екі жиен-шар сүйіп отыр. Басымыз қосылып, дастарқан басында отырғанда әжеміз үнемі бүгінгі күнге тәуба, шүкіршілік етіп, бейбітшілік өмірді тілеп отырады.

Майдангердің немере келіні: Әсел ТҰЯҚБАЕВА.

Степанов ауылы, Меңдіқара ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: Ержан ата, Мәдина әже шөберелерімен.

Жеңімпаздар мәңгі есте

Адамзат тарихында өшпес із қалдырған, жарты әлемді шарпыған соғыс өртінің Жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Ұлы Отан соғысы әрбір отбасыға қайғы-қасірет әкелді. Бір шаңырақтың тіреуі болып отырған азаматтар майданнан оралмай мәңгілікке жоғалды. Бұл соғысқа алпыстан астам ұлт өкілі, миллиондаған азамат қатысқаны тарихтан білеміз. Сол миллиондардың ішінде біздің Абай ауылынан (Бірлік) жүзден аса адам соғысқа шақырылған. Бәрі Отан, ел үшін жаумен күресті. Қанды майданда қаза тапқан боздақтардың құрметіне 2014 жылы ауылдағы зират басына үлкен ескерткіш қойылды. Ескерткіш тақтада 46 боздақтың аты-жөні жазылған. Тізімде 1937 жылғы қуғын-сүргінге ұшыраған аталардың есімдері де бар. Бұл игі істі ұйымдастыруға ардақты ұстаз Мағжан Дүйсембаев, Қасымжан Оразбаев және Жанбота Сейітбаев, Бари Аханов, Мағыпар Дәлденбаев, Саруар Тағамбайұлы, Жамбыл Құмажанов, Кенжеғали Көдебаев, Елубай Рахметов, Сапа Жаукин, Мейрам Ескембетов, Таңатқан Нұртаев сынды азаматтар білек сыбана кірісті. Бұл іске ауыл тұрғындары белсене араласып, әркім өз мүмкіндіктеріне қарай қаржылай көмегін



берді. "Өлі разы болмай, тірі байымайды" деген бар емес пе. Абай ауылындағы осынау жұмыс Отан үшін от көшкен боздақтардың аруағына бағышталды.

Бәтима КҰМАЖАНОВА.

Абай ауылы, Ұзынкөл ауданы.

Ағамды еске алғанда...

Нұржақыпұлы Шөптібай Ұлы Отан соғысына қатысып, бір аяғын Украина жерінде қалдырып, елге оралған азамат. Ол 1925 жылы Қостанай облысы, Торғай ауданы, Жаркөл ауылында дүниеге келген. 1943 жылы әскери комиссариаты әскерге жібереді. Украина майданына қатысып, аталған жерді жаудан азат етуге үлес қосты. Ұрыс даласында шофер болып жүріп неміс снарядының жарықшағы оң аяғын қан санынан үзіп кетеді. Жау оғынан жараланып, ес-түссіз жатқанда совет жауынгерлері тауып алып, госпитальға жатқызады. Аяғы бір кескеннен жазылмай екінші рет ота жасауға тура келеді. Осылайша оң аяғынан айырылады.

Шөптібай ағамыз соғысқа дейін орта-лау мектепті бітірген. Кейін колхоз-совхозда бухгалтерлер дайындайтын курсты аяқтады. Майданнан 1945 жылдың аяғында оралды. Елге келген соң қолынан іс келетіні ескеріліп, еңбекке араласты. Жұбайы Камал екеуі 10 бала өсіріп, тәрбиеледі. Осы балаларынан 25 немере, 15 шөбере өсіп-өніп жатыр. Бәрі де әр салада жұмыс істейді.

Ағамыз 1966 жылы ауыр науқастан көз жұмды. Жұбайы Камалдың көзі тірі, қазір 85 жаста. Қарт ана балаларының қолында тұрып жатыр.

Тұрсынбай НҰРЖАНОВ, зейнеткер.

Қостанай қаласы.

Жобаның жетекшісі Сәлім МЕҢДІБАЙ

«Көңіл көгінде, жүрек төрінде»

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Қаладағы облыстық қазақ жасөспірімдер театрында Арқалық медицина колледжінің байырғы директоры, Қазақстан денсаулық сақтау ісінің үздігі, қаламгер, өнерпаз А. Мұқатовтың туғанына 60 жыл толуына орай еске алу кеші өтті.

Амантай Оразбайұлы «У мен дерт», «Өзіл әлемі» атты кітаптардың авторы. Ол аз ғұмыр жасаса да қыруар іс тындырып, артына ғажайып із қалдырған жан. Ел оны іскер басшы, шебер ұйымдастырушы, ақын, әнші, суретші, қысқасы сегіз қырлы, бір сырлы азамат деп таниды.

Ізгілікті шарада марқұмың өзі тұрған Шақшақ Жөнібек көшесі, №90 үйге мемориалдық тақта орнатылды. Ескерткіш тақтаны қалалық мәслихаттың хатшысы Нақан Шалдыбаев пен ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі Асқар Байжұманов ашты.

Еске алу кешінде ел ақсақалдары, жақын-жуықтары, жора-жолдастары естеліктер айтып, ақындар арнау жырларын оқыды. Театр әртістері, колледж шәкірттері өлеңдері мен сықақтарын, сөзіне жазылған әндерді орындады. Көрме ұйымдастырылып, баянды ғұмыр иесінің өмір жолынан өзірленген деректі фильм көрсетілді. Алматы қаласындағы «Тоғанай» баспасынан 500 данамен басылып шыққан естелік кітаптың тұсауы кесілді. Кітаптың демеушісі досы Сайып Бейсенәлиев.

Кеш соңында «Достар» дәмханасында ас беріліп, рухына құран бағышталды.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Мемориалдық тақтаның ашылуынан көрініс. Суретті түсірген автор.

Алматылық психолог тренинг өткізді



Қостанай облысы әкімдігінің дін істері басқармасы Алматы қаласындағы ҰҚК Академиясымен бірігіп «Деструктивті секталардың және радикалды топтардың ықпалдарына қарсылық психологиялық аспектілері» тақырыбы бойынша дәріс оқып, тренинг өткізді.

Іс-шара А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дің бас ғимаратында өтті. Оған университеттің діни зерттеулер орталығы, гуманитарлық-әлеуметтік, ақпараттық технология, тарих және құқық факультеттерінің студенттері мен бір топ жастар қатысты. Лола Шакимова ҰҚК Академиясының тәжірибелі психологы. Елімізге еңбегі сіңген маман бұл тренингті Қостанай жерінде бірінші рет өткізді.

Дәрісте талқыланған басты мәселе – діни ұйымдардың жастарға деген ықпалы һәм секталардың көбеюі. Лола Шакимованың пайымдауынша, қазіргі кезде жас буын өкілдеріне діни ақпар аз жетеді. Мысалы, деректі бастапқы алған адам басқаларына өзгеше түрде жеткізуі ғажап емес. Сондықтан діни сауаттылық нөмірі бірінші тақырып болуы керек.

– Бұл бір өзгеше дәріс болды. Тренинг барысында Лола Шакимова әр түрлі өдіс-тәсілдерді пайдаланды. Ең жақсысы, діни ақпаратты нақты әрі дәлелді алу керектігін ұқтым. Расында да, бүгінде тура жолдан адасып, ақшаның соңынан еріп жатқан жастар жетерлік. Оларға тура бағытты нұсқау үшін осындай іс-шаралар ұйымдастырылып тұру керек деп ойлаймын, – деді тренинге қатысушы студент Қайыржан Қоңыршин.

Жиын барысында Л.Шакимова студенттерге террорлық шабуылдар мен радикалды топтардың ықпалдары жайлы баяндап берді.

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

• ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Ережеп айының қасиеттері

Аса қамқор ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Ұлы Жаратушымыз Аллаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын. Пайғамбарымызға (солаллоһу алейһи уә сәлләм), оның отбасына және сүйікті саахабаларына сансыз салауаттар мен сәлемдер болғай.

Құрметті мұсылман бауырлар! Міне Алланың қалауымен қасиетті Ережеп айына да аман-есен жеттік. Алла Тағала осы айда баршаңызға тек қана жақсылықтар сыйласын. Биыл Ережеп айы сәуір айының 20-сына тұспа-тұс келіп тұр. Ережеп айы мұбарак болсын!

Ережеп айының қасиеттерін ұғынып, құндылықтарына құштар болған пенде Алла Тағаланың сансыз нығметтеріне ие болады. Алланың, құлдарына ұлы мейірімі болып келетін Ережеп айы — қасиетті үш айдың бірі. Осы айларда істелген сауапты істер мен құлшылықтардың сауабын Алла Тағала бірнеше есе көбейтіп, шын жүректен тәубесіне келіп, кешірім сұраған пендесінің тілегі қабыл болмақ.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде айтады: «Егер де өмірлеріңіздің соңы бақытты болып, тыныш өлім қаласаңыздар (мұсылман болып өтуді) және шайтанның азғыруынан аман болам десеңіздер — осы айларды құрметтеп ораза тұтып, таубаға келіңіздер». Тағы бір хадисте Ережеп айында істелген сауап пен күнә жетпіс есе өседі делінген. Сонымен қатар Ережеп айында, Алла Тағала күнәлі істер мен қақтығыстарға қатаң түрде тыйым салған қасиетті төрт айдың бірі. Олар: Ережеп, Зұл-Қағда, Зұл-Хиджа, Мұхаррам айлары.

Алла Елшісінің (с.ғ.с.) сүйікті немересі Хасанның (р.а.) риуаят еткен хадисінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жыл ішінде сондай төрт түн бар, ол түндерде Алланың мейірімі, кешірімі, жомарттығы, берекеті және нығметтері жерге нөсер жауындай төгіледі. Олар: Ережеп айының алғашқы түні, Шағбан айының он бесінші Барат түні және ораза айты мен Құрбан айт түндері. Осы аталған түндердің пайдалары мен қадір-қасиетін білген әлі білуге құштар болған адамдар береке табады», — деген.

Ережептің алғашқы күні мен түні, алғашқы бейсенбісі, он бесінші күні мен түні және жиырма жетінші күні мен түні аса құнды болып табылады. Осы күндер мен түндерде көп құлшылық етіп, Алланы зікір етіп, күндерін оразамен, түндерін құлшылықпен өткізген абзал. Ережеп айының алғашқы бейсенбісі (сәуірдің 23-нен 24-не қараған түн) — Рағайыб кеші. Ал аталмыш айдың жиырма жетінші түні (мамыр айының 15-нен 16-на қараған түн) — Миғраж кеші. Миғраж кеші Алла Елшісінің (с.ғ.с.) Алла Тағаланың хұзырына көтеріліп, ешбір кедергісіз Онымен тілдесіп, бес уақыт намаз құлшылығын үмбетіне парыз қылып алған ерекше қасиетті түн.

Ережеп сөзі араб тілінде — Раджаб деп айтылады. Бұл сөз үш әріптен тұрады Р — Алланың рахымы, дж — «джурмулғабди» (Аллаһтың құлының күнәлары), Б — «бөрүлләһи Тәғәлә» (Аллаһ Тағаланың жақсылығы). Алла Тағала: «Ей, пенде! Мен сенің күнәларың мен қателіктеріңді өз мейірімім мен жақсылығымның арасына орналастырдым. Сондықтан Ережеп айының құрметі үшін сенің күнәларың мен қателіктеріңнен еш нәрсе қалмайды».

Ережеп айын тыныштық, жомарттық, тазару, ерекше, алғашқы және жеке дара айы деп атайды. Тыныштық айы деп аталу себебі, бұл айда Алланың қаһары түспейді. Бұл жайында Осман ибн

Аффан (р.а.) хұтпасының соңында былай деген: «Алланың тыныштық айы келді. Сол үшін бұл айда зекет пен садақа беріп, қарыздарды өтеу қажет».

Жомарттық айы деп аталуының себебі, бұл айда Алланың нығметтері шексіз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім Ережеп айында сауабын Алла Тағаладан үміт етіп, ықыласты түрде бір күн ораза тұтатын болса, Алланың разылығын иеленеді. Екі күн ораза тұтқан адамның сауабы екі есе болады, әрқайсысы бір таудай болады. Үш күн ауыз бекіткен адам дүние бөлесінен ахирет азабынан, жындану, алапес ауруынан және Даджалдың кесірінен аман болады. Жеті күн ораза тұтқан адамға тозаққа түспес үшін жеті тозақ қақпалары жабылар. Сегіз күн ораза тұтқан адамға жұмақтың қақпалары ашылады. Он күн ораза тұтқан адамға, Алла Тағаладан не сұраған болса, сұрағаны беріледі. Он бес күн ораза тұтқан адамның алдыңғы күналарын кешіреді де жамандықтарын жақсылыққа ауыстырады. Ал егер оразасын келесі күндері жалғастыратын болса, сауабын одан әрі арттыра түседі.

Тазару айы деп аталуының себебі, бұл айда Алла пендесін бүкіл күнәдан тазартады. Абдулла ибн Зубайрден (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан: «Кімде-кім Ережеп айында мұсылман бауырын қиындықтан құтқарар болса, Алла оған жұмақтан орын береді».

Ерекше, алғашқы деп аталу себебі, Ережеп қасиетті үш айдың алғашқысы. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан: «Ережеп — Алланың айы, Шағбан — Менің айым, Рамазан — Үмметімнің айы». Зуннун Мысри (Алла рақым етсін) былай депті: «Ережеп — егін егу, Шағбан — егілген егінді суару, Рамазан — өсіп шыққан егінді ору. Ережеп — тазару, кешірім және мейірім айы, Шағбан — шапағат, рухани құлпыру айы, Рамазан — тозақ отынан құтылу айы».

Жеке дара деп аталу себебі, Ережеп қасиетті үш айдан жеке тұрады. Бұл турасында хадисте былай делінген: «Жұмақта бір өзен бар оның аты — Ережеп. Оның суы сүттен ақ, балдан тәтті. Кімде-кім Ережеп айында бір күн ораза ұстаса, Алла Тағала ол адамға сол өзеннен шөлін қалдырар». Әнәс ибн Мәліктен (р.а.) жеткен хадисте: «Жұмақта сондай бір сарай бар, оған тек қана Ережеп айында жиі ораза тұтқан адам кірер».

Ертеректе Ережеп айы туғанда Қасиетті Қағбаның қақпасын ашып қойған қызметшілері «Бұл ай — Алланың айы, бұл үй — Алланың үйі, ал адам баласы — Құдайдың құлы, сондықтан Алланың айында оларды Алланың үйінен қалай аластатамыз», — деп басқа айлардағыдай дүйсенбі, жұма күндері ғана емес толық бір ай бойы құлшылық жасауға рұқсат берген.

Ережеп айында болған айтулы оқиғалар: Нұх (а.с.) пайғамбар кемесіне мінген, Мұса (а.с.) пайғамбар елін қақ айырылған теңізден алып өткен, Адам (а.с.) атаның тәубесі қабыл болған, Ибрахим (а.с.) пайғамбар және Иса (а.с.) пайғамбар дүниеге келген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ережеп айында мына дұғаны жиі айтатын «Ей Алла! Бізге Ережеп пен Шағбанды берекелі етіп, Рамазан айына аман-есен жеткіз».

Алла Тағала қасиетті Ережеп айында һәм мұбарак кештердегі ізгі ниет, ақ тілеулерімізді қабыл алып, баршамызға денсаулық, халқымызға береке-бірлік, отанымызға тыныштық беріп, еліміз көркейіп, дініміз марқая бергей, Әмин, ия, роббилғаләмин!

Ережеп айындағы нәпіл (парыз емес, қосымша) ораза ұстайтын күндердің сәресі және ауыз ашар уақыттарының кестесі:

Мезгілі	Басы			Ортасы			Соңы		
	20.04. 2015	21.04. 2015	22.04. 2015	04.05. 2015	05.05. 2015	06.05. 2015	16.05. 2015	17.05. 2015	18.05. 2015
Сәресінің аяқталуы	04:19	04:16	04:14	03:49	03:47	03:45	03:28	03:26	03:25
Ауыз ашар уақыты	21:03	21:05	21:07	21:28	21:30	21:32	21:49	21:50	21:52

Ескерту: Сәресі уақыты таң намазына 15 минут қалғанда аяқталады.

ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкіл имамы, «Марал ишан» мешітінің бас имамы Асылхан қажы Мұханбетжанұлы.



Ақ жаулық

Тілеп ең тәспі тартып саулығымды,
Ұямды сен көрмедің-ау бүгінгі.
Арыңдай дақ түсірмей қастерлеген
Сағындым, әже, алпақ жаулығыңды.

Сәулесі жылытпастай арайдың да,
Берілдім сағыныштан талай мұңға.
Сағындым әжелерді отыратын
Қонғандай аққу-қаз кеп ақ айдыңға.

Мән жатар әр сөзінің астарында,
Жұбатар немересін қас-қағымда,
Ерекше беделінің белгісіндей
Ақшаңқан жаулықтары бастарында.

Мұңымның таппай, сірә, үйлес емін,
Кей сәтте алабөтен күй кешемін.
Селкілдеп той-думанда билеп жүрсе,
Кей әже киіп алып кимешегін.

Кім шешер бәтуасыз дауды мына,
Секілді иықтағы дәу құмыра
Басында сабырсыздың селкілдеген
Тұрады жаным ашып жаулығына...

**P.S. Ажарын желмен желпіп күн қақтаған,
Ұрпаққа ұлағатсыз үн қатпаған,
Ұршығын иіретін, шүйке тартып,
Әжемнің ақ жаулығы қымбат маған.**

Тұрмаса да бұлт басып, күн түнеріп,
Шекең қызып жүрмейді күлкің оңып.
Ой-қыратты, бұдырлы бұл заманның,
Пенделері кеткендей түлкі болып.

Жанарыңда тұрса да арман тұнып,
Түлкі мінез пендеге салған құрық..
Басын иіп безбүйрек беделдіге,
Көрсетеді жантаықтай жалған қылық.

Әділдікті іздеме, адалым-ау,
Сендей жандар өмірде дара мынау.
Кабан құрлы көрмейді құралайды,
Қыл мойынға салады қара бұғау.

Шырын құйып шындықтың қалыбына,
Қоса алмайсың өзгеріс танымына.
Ақты қара дегенге таң қалма сен,
Балта шауып әділдік тамырына.

Болмаса да күні еш қиындаған.
Тиын тұрар тексіздің миында әмән,
Адам кейіп пенделер толып жатыр,
Адамдықтан несібе бұйырмаған.

Шамаң қайда олармен күресе алар?
Шеңгелдіге шенді тек ілесе алар.
Арсыздардың заманы, жағынғанда,
Жылайын деп тұрса да күле салар.

Әділдік деп жандар аз ұрандаған,
(Әділдікті тос, жаным, бір Алладан.)
Қандендері құмайды талайтұғын,
Түлкілердің заманы бұлаңдаған.

Жалғыздың ол түбіне жетеді ақыр.
(Құныққанға мөлшерлі жете ме ақыл?)
Намысының отына шыдай алмай,
Тасқа айналған Көкшеде жеке батыр.

Шабыт дәйім жанымға шоқ тасуда,
Мейлі алдымда не тұрсын: от па, су ма,
Жырмен әрлеп жүремің дәнекерлеп,
Ойларымды қалдырмай тот басуға.

Тұяғынан от шашып жорға жырым,
Той ішінде талайдан озған үнім.
Топтасқаннан іргемді ірелеймін
Жырда да бар өз жолым, өз даңғылым.

Тұрсадағы тіршілік мың құбылып,
Жүгінбеймін шендіге құлдық ұрып
Қолым күйіп шындықтың шырағына,
Жүрем дәйім бір тұрып, бір жығылып.

Төрімде той болмайды күнде менің,
Білгенімнен көп әлі білмегенім.
Ақындық пен аңқаулық егіз, сірә,
Жан берер деп қаламын гүлге демім.

Жабырқасам, жай сұрап күндемегін,
Жанарлардан жайдары күн көремін.
Үсік шалмай үлбіреп тұрсын өлең,
Жыр мен жаным үстінде бір кемеңіз.

...Шағылып күнге, бұлқына ақты жылғалар,
Асығып алға, жеткізердей жақсы бір хабар.
Тырнаның даусы тыраулап көкті кернейді,
Үнінде оның сағыныш толы мұң да бар.

«Жыр мен жаным үстінде бір кемеңіз»

Бауырмал жандай аңқылдап шығар алдыңнан,
Бәйшешек басы қылтыып қарарсан қырдан.
Қыз қылық бұлақ сыңғырлай аунап ағады,
Жағалай өскен көк шалғын шөпті таң қылған.

Кірпігің қақпай ашыла қарап күн көзі,
Құлпырған жерге болып тұр қамқор бір өзі.
Ақ мамық бұлттар қалықтай көшіп барады,
Биіктеп кеткен тәрізді аспан күмбезі.

Жас шыбық қаулап түбінен кәрі бұтаның,
Бозторғай салды көктемнің керім құт әнін.
Сағыныш түсті сарғалдақ гүлдер шашады,
Елітіп жанды жақұттай жәннат жұпарын.

Сандықта сыры, шақпайтын әсте көпке мұң,
Таспыық тартып, тарамдап оймен өткенін,
Жалыны жанның жанарда ғана жылтырап,
Кемпір-шал отыр еске алып өмір көктемін.

...Елітіп жанды ауылға қиял барды ұшып:
Көкірек кере самалды жұттым, нәр құшып.
Есіктің алды төселген бейне көк кілем,
Түгінде оның тізілген моншақ-таңғы шық.

Алтындай нұрға малынып міне тұр алап.
Хош иіс жайды бүршігін жарған бұла бақ..
Бір пысық сәуле терезені біздің көздеген,
Шілтерден жұқа қарайды ішке сығалап.

Ән салғым келді тамақты біраз кенеп мен,
Бой түзеп қапты жас шыбық былтыр мен еккен.
Үлесін беріп ұяда жатқан ұрпаққа,
Қарлығаш ұшты есігі ашық сенектен.

Көкжиек алыс, көрінбес қыры-қиыры.
Таңылған жүктей тоқтықтан толып, бүйірі,
Жер сызып желін желеді қырдан асығып,
Көршінің кеше қайтпаған үйге сыыры.

Сарыла сан жыл тұрғандай мені күтіп бақ,
Зерделеп тұрмын шәкірттей зерек, ұқыпты-ақ.
Самауыр жақтан (тұтатқан жаңа анашым)
Тәп-тәтті түтін танауды өтті қытықтап.

Келдім деп қашан, өзіммен іштей кеңесем.
(Көргенім бақыт, ауылым өскен, сені есен.)
Ырғала басып, икемдеп иінағашын,
Барады суға құмыра мүсін жеңешем...

**P.S. Тылсым бар тұнық сағыныш сезім күшінде,
Сырымды түсің, келмесе білгің-түсіңбе:
Асығам кейде ұйқыға балғын сәбидей
Аулымды тағы бір көру үшін түсімде.**

Қайда екенсің...

Сені аңсаймын ұрынсам қар, дауылға,
Сені аңсаймын түсіп жаным жалынға.
Аралаймын қиялымның қырларын,
Қалдың ба сен айдыңның аржағында?

Сені аңсасам жанарымда тұнды мұң,

Ұқсап жатыр бір күніме бір күнім.
Естілер ме жалаңаяқ жүгірсем,
Сол жағадан пәк күлкісі құрбының?

Көк аспанды күзетсе де тыныштық,
Найзағайдай жарқылдайды жыр ыстық.
Думан күндер құшағында жүрсем де,
Өзіңменен өткен күндер тым ыстық.

Өмір атты жылжып келед бір кеме,
Кейде толқын тықсырардай іргеде,
Алаңдаймын алыс қалған күндерге
Абайсызда жоғалтқандай бірдеңе.

Тағдыр атты кім шыға алар шеңберден,
Сені іздеймін сағым басқан белдерден,
Сағыныштың қысымына төзе алмай,
Атылады жанартау жыр кеудемнен.

Жазым өтіп, қалды міне келіп күз,
(Қалдырдым ба өткен күнге көрікті із?)

Бал қылықты бейқам жүрген ұл-қыздар,
Сені есіме түсіреді еріксіз.

Балдай жұмбақ бір өзіңде бар анық..
Дәріптеймін қадіріңді дара ғып.
Сені іздеймін жанарынан достардың.
Қайда екенсің, қайда кеттің, Балалық?!

Қарағанда тартпайтын түрі-реңі
Суық дейді екінің бірі мені.
Жүзім суық жүрегім жылы екенін
Бетіңе қарап қана кім біледі.

Сын боп жүр қарамаға суықтығым,
Ұнамас біреулерге уыт жырым,
Жылымын адамдарға ақ ниетті,
Жайнатам үлбіреген үміт гүлін.

Жылымын ағаларға үні жайлы,
Олардың күні шуақ, түні де айлы.
Беделін безбендеген тоғышарға,
Ешқашан жан -жүрегім жылымайды.

Жылымын парасатты жиған жанға,
Пендеде парасатсыз иман бар ма?
Суықпын адамдықтан алыс болып,
Қалтаның қадірімен сыйланғанға.

Жас келін ибалы боп именгенде,
Мейірлі елжіреген күйге енгем де
Суықпын беттің арын белге түйіп,
Шекпенін шенділердің сүйгендерге.

Жайсаң жан жылдарменен өзгерген бе,
Жылымын дәмдес болған көзкөргенге.
Суықпын өзге ұлттың орманында
Адасып, ана тілден безгендерге.

Сараптай берсем саусақ бүгіледі,
Ар-намыс ақылыма жүзінеді.
Мінім де, мінезім де осы менің-
Суық дей берсін екінің бірі мені.

Жүремің не бір күйді кешіп тегі,
Көкейде жатыр ойдың көшіп легі.
Тұралық таңдайыма таңба болып,
Уызбен келген несіп бесіктегі.

Әділдік толқи ағып ақ бұлағы,
Ақбозы ақиқаттың шапқылады.
Шындықты шытырманнан шешіп алсаң,
Тура сөз туғаныңды жат қылады.

Сөзімді алмады деп жеңіс қалап,
Көрсетпей жүрер саған тегіс қабақ
Қыртысын қыңыр істің жазам десең,
Досың да да кете берер теріс қарап.

Шындыққа шырқыраған елең етем
Өзгедей ой-пікірім неге бөтен?..
...Ортақ тіл табу үшін өзгелермен,
Өз тіліңді тістеуің керек екен.

Не бітірдім, тындырдым, сірә, нені,
Сын садаққа ілгелі ел мына мені,
Ақ толқынға орап ап жыр теңізі,
Гүлдеткелі сөзімді құла белі?

Қызыл тілім болған соң қаруым шын.
Жырға салған бір жанмын бары, күшін.
Туралықтың желкенін желге тосып,
Өрге ұмтылдым намыс пен арым үшін.

Жан емеспін бұлде орап, киген берен,
Мадақтаса менменсу күйге енбегем.
Баққа бола кезім жоқ қалтыраған,
Таққа қарап сөз айтсам именбегем.

Үлгі алыңдар демеймін тегіс менен,
Залалым жоқ өзгеге мен істеген.
Билер емес бұқара қуанатын
Келген сайын оралып жеңіспенен.

Биліктің шықсама жиі есінен,
Бұйырықтың шықпайын жүйесінен.
Төбедегі қамшысын үйірсе де,
Төмендегі қорғайды киесімен.

Жүрсе сөзбен кей надан түртіп – іліп,
Парқын жүрер пендемің жұрты біліп.
Тағдырым арыстанның азуында
Тұрса да көрсетпеймін түлкі қылық.

Аялап ақиқатты сан құптадым,
Көрмедім тек біреудің аңдып бағын.
Жүзіне жұртымның тік қарау үшін
Әйтеуір ұятымды қалғытпадым.

Айна

Самал желпіп жапырақты жай ғана,
Ақ сәулеге шомылып тұр айнала.
Көңіл – көктем гүлдеп бүрін жарған сәт,
Көз салдым мен қолымдағы айнаға.

Қиял бүгін қызғалдақтай наз-арман,
Қайтқан шағым жастық атты базардан.
Үмітпенен үңілемін айнаға,
Із бар ма деп алма бетті ажардан.

Үміт шіркін, сабыр тұтшы үзілмей,
Жанар қайда жаудыраған жүзімдей?
Маңдайымды торлап алған тарамдар,
Өткен күннің өшпей қалған ізіндей.

Көңіл тегі қалғандай ед бастап ән,
Енді айнаға көз салудан жасқанам.
Айнадағы солғын жүзді мына жан,
Сияқты бір маған ұқсас басқа адам.

Жастық өтті, күрсінемін несіне?
Шапсыншы тек шабыт –тұлпар көсіле.
Шарайнаға қарағанда түседі,
Ұлы Пушкин ертегісі есіме.

«Көркемсің», деп күле қарап тамсана,
Көлгірситін жандар да бар қаншама!
Сындырса да мінін тура көрсетер
Айна ғана ханымға да, ханшаға.

Үйімде әйелмін тек қарапайым

Сырымды таспадайын таратайын,
Бәйгеде озып келер дара тайым,
Түзімде ақыным деп таныса ел,
Үйімде әйелмін тек қарапайым.

Қабағын кейде өмір түйгенімен,
Шабытпен шамырқанар күйге еніп ем.
Үйімде от анасы болғаннан соң,
Жүремің жанұяның күйбеңімен.

Жақұт жыр болып дәйім жан азығым,
Күйбеңге қол тигізбес наразымын.
Әйелдік ақындыққа билік құрып,
Басып ап тұрар басын таразының.

Ескекті салмаған сәт жыр – айдыңға,
Көңілім беріледі құлай мұңға.
Қабағын түймесін деп отағасы,
Жағдайын жасау керек жұбайдың да.

Береке ұя салса керегенге,
Жас ұрпақ тәтті болар өнегеге.
Ана боп ұл-қызыма ақыл айтып,
Әже боп кеңес берем немереме.

Ысырып жыр боп келген мол ағынды,
Ас үйде іс тындырып оралымды,
Әзілді адал аспен қоса беріп,
Қарсы алып отырамын қонағымды.

Тәңірім төккеннен соң нұрын дара,
Жыр қылып ұсынады гүлін дала.
Бәрінің бабын тауып жүргенімде
Жылайтын жазылмай қап жырым ғана...

● ҰЛЫ ЖЕҢІС – 70



Әлібек ЫБЫРАЙ

Молдағали, Мырзағали және Мұсағали бір әкеден туған үш ағайынды жігіттер. Бірақ алдыңғы екеуі өз әкелері Абдырахманға жазылады да, кішісі Абдырахманның інісі Мақаштың тегін алады. Мұсағали 14 жасқа толғанда әйгілі отыз екінші аштығынан ел іші әбден күйзелген кез еді, бұл жаяулап-жалпылап жүріп Федоров ауданына жетеді. Сөйтіп тірі қалған екен. Осы арада ер жетіп, алпамсадай азамат болған шағында өзгелер сияқты Мұсағали да қолына қару ұстап, майдан даласына аттаныпты.

Бұл кезде елде қалған екі ағасы Молдағали мен Мырзағали да соғысқа кеткен. Олар сол кеткеннен оралған жоқ. Ал Мұсағали болса, Солтүстік Кавказ майданында 383-ші атқыштар дивизиясының 694-ші полкінің құрамында соғысып, 1943 жылы "Ерлігі үшін" медалімен марапатталды. Бұл туралы награда парағында былай деп жазылыпты: "1943 жылғы 22 шілде күні Новий Моткин ауданының маңында болған ұрыста қатардағы жауынгер Мұсағали Мақашев қарша бораған оқ пен отқа қарамастан өз минометімен жаудың

үш пулемет нүктесінің көзін жойып, бір өзі неміс бекінісін тас-талқан етті". Қарапайым қыр қазағының ерлігі сол кезде көпке үлгі етілді.

Соғыс аяқталған соң 1946 жылы өзі әскерге шақырылған Федоров ауданына қайта оралады. Үйлі-баранды болады. Елде соғыста хабарсыз кеткен қос ағасының шиеттей төрт баласы бар. Оларды өсіріп, тәрбиелеу арыстай азаматтардың артында қалған ағайынға аманат. Осыны ойлаған ауыл ақсақалдары шиеттей бала-шағаға бас-көз болу үшін Мұсағалиды шақыртады.

Содан шаруақор азамат туған жерден табан аударған жоқ. Аттай 33 жыл малшы болып, абыройлы еңбек етіпті. 1946-1956 жылдары колхоздың жылқысын бақса, кейін Аманкелді ауданының Мұқыр бөлімшесінде, "Степняк" совхозында шопан болып, ақтылы қой өргізді.

Мүсекең қарияның жары Дәмет әжеміз жас та болса күйеуіне мал бағысып, әйел де болса, бар ауыртыпалықтың жүгін бірге көтеріскен. "Ол кезде ешкімге де оңай болған жоқ қой. Бірақ Дәметтің көрген қиындығы алабөтен еді. Өзі жас еді, небәрі он жетіде. Балапандарын бөкебаймен арқасына байлап алып, күйеуіне мал жайласады. Мал суару, отын-су тасу, үйдің бар



шаруасын ол солай жүріп-ақ атқарды. Оның сыртында майданнан оралмаған екі қайнағасының балаларын бағып, қақты. Ешкімнен кем қылмай өсіріп, ер жеткізді. Үй-жайлы етті. Бұл жәй әшейін айтуға ғана жеңіл", — дейді ауылдастары.

Мұсағалидың құдайы көршісі және туысы Әбдібек Тоққұлов та талай жыл мал бағып, еңбегі еленген азамат еді. Жиырма екі жыл бойы қойшы таяғын ұстаған ақсақал аудан, облыс басшыларының алғысына кенеліп, құрметті демалысқа шығады. Олай дейтініміз,

Мүсекең қария кезінде Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылыпты. Әттең, солақай саясат ақсақалдың ұзақ жылғы еңбегін еш, тұзын сор қылған. Турашыл және бірбеткей мінезді жігіт ағасы жергілікті басшыларға жақпаған болуы керек. Әйтсе де жетпісінші жылдары мал шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі үшін аты жазылған мылтық сыйға тартылыпты.

— Мұсағали атамыз жыл қортындысында еңбекшілерге берілетін он үшінші жалақысын соғыста шейіт болған ағаларының

балаларына теңдей қып бөліп берді екен. Сондай қолы ашық, ағайын-туысқа аса қамқор болып жүретін, — деп еске алады немересі Құралай Молдағалиева, — Ертеде атамыздың жанындай жақсы көретін күрең айғыры болыпты. Сол аты Мүсекең қариядан басқасын маңына жуытпайды екен. Бірде әлдекімдер шалдың атын сұрап алып, бәйгеге қосқанда абайсызда аяғын сындырыпты. Соны естіген ақсақал трактор апарып, жылқыны әкелейін деп барса, иесінің келгенін сезген жануар кісінеп қоя беріпті. Қанды қырғында жанарынан тамшы жас шықпаған жарықтық атамыз сол кезде жылап қоя берген екен.

Қария 1986 жылы 73 жасында дүниеден өтті. Ал оның екі ағасының қай жерде қаза тауып, қайда жерленгені әлі күнге дейін ұрпақтарына беймәлім. "Ерлік ешқашан да өшпейді. Отан үшін от кешіп, жат жерден топырақ бұйырған аталарымыздың ерліктері бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгі сақталса екен", — дейді ағайынды жауынгерлердің үрім-бұтағы.

Бүгінде Мұсағали мен Дәмет ананың балалары Аманкелді ауданында, Арқалық пен Астанада тұрады. Бәрі оқыған. Жоғары білімді азаматтар. Өз мамандықтары бойынша әр салада жемісті қызметтер атқарады.

СУРЕТТЕ: Мұсағали Мақашев зайыбы Дәметпен бірге.

Сурет отбасылық мұрағаттан алынды.



сөзін есіме алдым. Роза Талғатқызымен сұхбаттастым.

Талғат Исмұхамбетов 1942 жылы тамыз айында майдан даласына аттанды. Жетпіс екінші мотоатқыштар дивизиясының 309 танкке қарсы құрамасында жаумен айқасты. Шайқас кезінде тұтқынға алынды.

Тұтқыннан босағасын Югославия партизандары қатарына қосылды. Партизан отрядын әйгілі генерал Броз Тито басқарды. Мамандығы дәрігер Талғат Броз Титоның жеке дәрігері міндетін атқарды.

білдіргенін естігенде, бәріміз де қуандық, — дейді Роза Талғатқызы.

— Талғат ағай медицина саласынан қай уақытта білім алғанын айтыңызшы.

— Папам соғысқа дейін Қостанайдағы медицина училищесінде оқыған. Құрметті демалысқа кеткенге дейін денсаулық сақтау саласында қызмет атқарды, — деп Роза әкесінің дәрігер болғанын мақтаныш тұтты. Зейнеткерлікке дейін Наурызым ауданындағы Шолақсай учаскелік ауруханасын басқарды.

Т.Исмұхамбетов майдан даласында талай рет ауыр жаралы-

Мерейтойлық медальдар алды



Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный қалалық тарихи-өлкетану мұражайында соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, Ленинград блокадалаушылары мен концлагерьлердің бұрынғы тұтқындарына "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы" мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

— Сіздерге Мемлекет басшысының атынан мерейтойлық медальдарды тапсырып отырғаныма өте қуаныштымын. Сіздер соғыс жолымен өтіп, қайғы көріп, жеке мүдделеріңізді құрбандыққа шалдыңыздар, жауынгерлік бауырластық пен адалдықты бірінші орынға қойдыңыздар. Сіздердің ерліктеріңіз ғасырлар бойы ұмытылмайды, әрқашан патриотизм,

адамгершілік және борышқа адалдықтың жоғары өлшемі болмақ. Сіздерге зор денсаулық, бақыт, бар жақсылықты тілеймін!", — деді ардагерлерге арнаған сөзінде қала әкімінің орынбасары Елена Скаретина.

Шара барысында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәлімгерей Бексейітов пен әкімдіктің ішкі саясат бөлімінің жетекшісі Алмат Жылыспаев та жүрекжарды лебіздерін білдірді. Одан кейін ардагерлердің құрметіне театрландырылған шағын концерттік бағдарлама ұсынылды.

Қазіргі кезде Рудныйда Ұлы Отан соғысының 1982 ардагері тұрып жатыр. Жеңіс күнінің қарсаңында олардың барлығы мерейтойлық медальдармен құрметтелмек.

Рудный қаласы.

Майданда Броз Титоны емдеген

Дәрігер Талғат Исмұхамбетов туралы бір үзік сыр

Ермекбай ХАСЕНОВ

Мен Талғат ақсақалмен Әулие-көл ауданының Диев ауылдық округінің орталық мекені — Мырзақөлде кездестім. Ат жақты, орта бойлыдан сәл биіктеу қарияның сөз саптасы ерекше болатын. Сабырлы да, салмақты жан кішіпейіл еді. Көршілес Сұлукөл ауылынан Мырзақөлге қонаққа келетін. Мектепте мұғалім болып істейтін қызы Роза, оның ері, шаруашылықтың бас мал дәрігері — Аманкелді Қойбағаров екеуі қарияның ыстық ықыласпен қарсы алатын.

— Қайын атамның соғыста көргендері көп. Генерал Броз Титоның қаруласы, — деді Аманкелді Қойбағаров.

Ұлы Жеңіс мерекесі жақындаған уақытта Әбекең — Аманкелдінің

Соғыстан оралғасын оның тұтқынға алынғанын біліп қалған құқық органы тергеді. Талғат Исмұхамбетовке қауіп төнді. Тұтқыннан қалай қашқанын айтса да, сендіре алмады.

Талғат қатты ойланды. Жазалануы мүмкін екенін сезді. Дереву Броз Титоға хат жазды. Генерал іле шала Сталинмен телефон арқылы сөйлеседі. Сталин әйгілі партизан отрядын басқарған Броз Титоның тілегін қабыл алыпты. Т.Исмұхамбетовты жазаланудан сақтап қалады.

— Папамды жыл сайын Югославия Үкіметі Жеңіс күнін бірге мерекелеуге шақырып тұрды. Белград қаласының құрметті азаматы атанды. Югославияға алғаш рет қонаққа барғанда мемлекет басшысы әкемді өзі қабылдап, ілтипат

СУРЕТТЕ: Талғат Исмұхамбетов.

● ТЕАТР

Жұмабек Төшенов
бейнесі — сахнадаДрама авторы және
режиссері —
Ерсайын Төлеубай

Бабаларымыздың білектің күшімен, найзаның ұшымен ұрпақтарына сақтап берген қазақтың қасиетті жерін жиырмасыншы ғасырдың 60-жылдары тағы да бір қатерден қорғап қалған ұлтымыздың біртуар перзенті, қазаққа тән қайсар мінез танытқан Жұмабек Төшеновтің 100 жылдығына арналған шаралар байтақ еліміздің аймақтарында жалғасын табуда.

Соның бір айқын көрінісі Көкшетаудағы Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрының Қостанай облыстық драма театрының режиссері, ҚР халық артисі Ерсайын Төлеубайдың "Адаспан" спектаклінің тұсаукесері. Бұл қойылымда кеңестік-тоталитарлық жүйесінде билік құрған Н.Хрущевтің тың игеру саясатына орай қазақ елінің солтүстік аймақтағы бес облысты Ресей құрамына, мұнайлы Маңғыстауды Түркіменстанға, сол кездегі Шымкент облысының Бостандық, Мақтарал, Киров аудандарын Өзбекстанға қосу жөніндегі Мәскеу билігіне жалғыз өзі қарсы тұрған арыстан мінез, алып жүрек, қазақтың асыл азаматы, мемлекет қайраткерінің қайталанбас ерлігі баяндалады.

Спектакльде сол кездегі со-

лақай саясаттың үстемдігіне бас имей өткен Бауыржан Момышұлы және өнер мен әдебиетте өшпес із қалдырған Илияс Омаров, Гүлжаһан Ғалиевтардың өткен өмірлерінен сыр шертеді.

Рольдерді сомдағандар Ж.Төшенов — Төлеубек Кеңбай, Бауыржан Момышұлы — Қайрат Мырзаболатов, Илияс Омаров — Құмарбек Қалқатаев, Никита Хрущев — Жарас Қалдаров, Гүлжиһан Ғалиева — Жанар Құсайыновалар актерлік шеберліктерінің шыңдалғанын байқатты. Шын мәнінде бұл драмалық қойылым шиеленіске толы, кейіпкерлердің өздері ойнаған рольдерді шынайы бейнелегендері көрермендерге ерекше әсер етті.

Бұл арада қоюшы режиссер, әрі автор Ерсайын Төлеубайдың талмай ізденгенін, күрделі саяси тақырыпты бүгінгі күннің талабына сай көрсете білуі, Елордадан қашық жатқан облыстар театрларының шеберлікті шыңдау, шығармашылықтың өсуі үстінде екенін байқадық. Сонымен бірге бұл мемлекет және саяси қайраткер Ж.Төшенов туралы қойылған тұңғыш драмалық қойылым екенін ерекше атаған жөн.

Мейрам БАЙҒАЗИН,
журналист.

Астана қаласы.

Тарихқа саяхат

Гүлназым
САҒИТОВА

Қостанай қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрылымдық бөлімшесі, №6 "Южный" кітапхана филиалында "Қазақ хандығы және дәстүрлер тарихы" деп аталатын қазақ хандығының 550 жылдығына арналған тарихи-медиалық экскурсия іспеттес кеш болып өтті.

— Өмірдің өзі тарихтан тұрады. Сондықтан да тағылымы мол осы кештің басты мақсаты — студент-жастарымыздың, оқушы балаларымыздың бойына өз еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін ояту, өз мемлекетінің тарихына өзінің де үлесі, қатысы бар екенін сезіндіру, оқушылардың танымдық ілімін дамыту, — деді бізге кітапхана маманы Гүлнәр Қатова.

Кеш аясында кітапхана мамандары Е.Шибаяева, Г.Қатова, облыстық Ы.Алтынсарин атын-

дағы мемориалдық мұражайдың аға ғылыми қызметкерлері А.Мұсабаева, О.Щербинина кең тұрғыда қазақ хандығының тарихы, оның қалыптасуы, негізін құраушылар Жәнібек пен Керей хандар, Абылай хан, Кенесары хан, Қасым хан, Тәуке хан туралы қызықты мәліметтер мен деректер айтты. Сол секілді кеш барысында Жәнібек пен Керей хандар, Қасым хан туралы бейнероликтер көрсетілді. Кешке келушілерге мамандар қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбаев пен Париж сахнасында ән салған Әміре Қашаубаев жайлы жан-жақты әңгімелеп берді. Оқырмандар Құрманғазының күйлерін, Әміре Қашаубаевтың, Ескендір Хасанғалиевтің орындауында "Балқадиша" мен "Атамекен" әндерін тыңдады. Және де көрермендер арасында мұражайдың қызметкерлері бес бөліктен тұратын "Жібек жолы" деп аталатын бейневикторина ұйымдастырды. Әсіресе, бейнесұрақ-жауап сайысында Қостанай құрылыс колледжінің студенттері Нариман Қапан, Евгений Чернявский белсенділік танытып, сұрақтардың жауаптарын шешіп, өздерінің зерделіктерін көрсетті.

Ерлікке толы шежіре

"Милиция даңқы" мұражайының құрылғанына қырық төрт жыл толды

Мнауара
ҚАБДРАХМЕТОВА

Облыстық ішкі істер департаментінің басшылығы мен қызметкерлері өткеннің мұрасын сақтап, құрметтеуге, одан әрі байыта түсуге ерекше көңіл бөледі. Департаменттегі "Милиция даңқы"

Кішкентай мұражай бөлмесінде милиция ардагерлері Ф.И.Мирошниченко, А.Г.Савченко, В.А.Серов, П.Г.Шандецкий, Ф.И.Здорик, В.П.Кондратьева және қоғамдық көмекшілер жинақтаған алғашқы материалдар мен құжаттар орын алды. 1982 жылдың 1 наурызынан бастап 1997 жылдың қарашасына дейін П.Щедрин мұражай жетекшісі болды. Осы жылдың мамыр айында ІІБ-нің Гоголь көшесіндегі ескі ғимаратында мұражайдың жаңа экспозициясы құрылды. Мұражай жастар арасындағы ғылыми-ағарту және тәрбие жұмысы үшін бірнеше мәрте Құрмет грамоталарымен марапатталды. Мұражай құрылғаннан бастап 2005 жылға дейін барлық жұмыс қоғамдық негізде жүргізілді. 2009 жылдың 1 қазанынан отставкадағы ішкі істер қызметінің подполковнигі П.Щедрин қайтадан мұражайға қызметке алынды.

Павел Щедриннің айтуынша, мұражай ашылғалы 65 мыңнан астам адам, негізінен оқушы жастар және ішкі істер органдарының қызметкерлері, келіп танысқан. Бүгін де оқушылар мен студенттер үлкен қызығушылық танытады. Олардың қандай әсер алғанын тілек кітабынан оқып, білуге болады. Кітап алғыс пен жақсы тілекке толы.

Павел Григорьевичтің еңбек жолы мұражай қызметімен тығыз байланысты. Осындағы мұрағаттардың көбі Павел Григорьевичтің ерінбей-жалықпай, іздеп жүріп жинағаны. Барлық мұрағаттар, әсіресе қару-жарақ, үлкен еңбекті және рәсімдеуге уақытты көп қажет етеді. Экскурсия барысында келушілер қостанайлық тәртіп сақшыларының өткені және бүгінмен танысады. Мұражайда 2,5 мыңнан астам мұрағат бар. Олардың қатарында қылмыскерлерден тәркіленген неше түрлі қару, батырлардың қылыштары, фотосуреттер, наградалар, қызмет киімдері, тіпті ескі ағаш орындықтар да бар. "Біз қару-жарақты дәріптеу үшін емес, олардың енді қайта атылмауы үшін күрескен сақшыларымыздың еңбегі мен ерлігін көрсету үшін жинап, сақтаймыз. Ең бастысы — адамдар, тарихты жасайтын солар емес пе?" — дейді мұражай жетекшісі.

Мұражайда 1962-1974 жылдары Қостанай облыстық ІІБ бастығының бірінші орынбасары, 1974-1990 жылдары об-



лыстық ІІБ бастығы болған милиция генерал-майоры Самат Смағұлұлы Бәкіровке және 1990-1994 жылдары облыстық ІІБ бастығы болған милиция генерал-майоры Қайрат Ғапуұлы Дүйсембинге арналған экспозициялар бар, онда генералдардың құжаттары, жеке заттары, суреттері, төсбелгілері және мадақтау қағаздары сақталған.

Бір экспозиция Кеңес Одағының батыры ішкі істер органдарының ардагері В.С.Афанасьевке арналған. Ұлы Отан соғысы жылдары 130-дан астам қостанайлық милиционер өз еркімен майданға аттанды. Олардың ішінде Жеңіске жете алмағандары да бар. Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай майдангерлер туралы материалдар жинақталып, толықтырылды. Сондай-ақ зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қан майданда қаза тапқан 8 милиция қызметкерінен басқа бұрын белгісіз болып келген 17 боздақтың аты-жөндері анықталды. Бүгінгі тәртіп сақшылары кешегі сұрапыл соғыс майданында ел намысын қорғап қалған батырлардың ерлігін мәңгі есте сақтайды.

Қылмыспен күрес те бір майдан. Мұнда да ерлікке орын бар. "Ерлік салтымен" экспозициясында кәсіби борышын өтеу кезінде қаза тапқан А.Болбуков, Н.Свиридов, А.Қыстауов, Ю.Семин, М.Родионов, Т.Оспанов, Б.Қасымов, М.Досымханов және басқа қызметкерлердің құжаттары мен суреттері қойылған.

Қазіргі мұражай жалпы алаңы 100 шаршы метр екі үлкен залдан тұрады. "Қазақстанда және Қостанайда милицияның құрылуы және қалыптасуы", "Қостанай милициясы 30-шы және 80-ші жылдарда", "Ерлік салтымен", "Күні-түні қыз-

метте", "Әрқашан қызмет орынында", "Олар мәңгі есте сақталады", "Мұражай тарихының белестері", "ІІМ-не еңбек сіңірген қызметкерлер" сияқты бөлімдер бар. Мұражай мұрағаттары Қостанай өңірінің тәртіп сақшыларының сонау 1919 жылдан қазірге дейінгі даңқты жолынан хабар береді. 2011 жылдың 22 сәуірінде мұражайдың 40 жылдығына орай "Қостанай полициясы құқық тәртібін қорғауда" деген тақырыпта зал жаңа мұрағаттармен толықтырылып, заман талабына сай қайта безендірілді. Сонымен қатар мұражайда көшпелі көрме де жасақталған. 2014 жылдан бастап экскурсиялар кезінде бүгінгі полицейлердің жұмысы туралы бейне-таспалар пайдаланылады.

Мұражайдың әрбір мұрағаты милиция қызметкерлерінің өз еліне, кәсіби борышына берілгендігінің куәсі. Мұндағы әрбір құжат милицияның даңқты тарихынан мағлұмат береді, әрбір сурет өз ісіне берілген, антқа адал жандармен кездесу іспетті, әрбір мұрағат қиын да қажетті мамандық туралы сыр шертеді, жеке адамның тағдыры ғана емес, тұтас бір буынның тағдырынан баян береді. Мұнда қызғылықты материалдар, назар аударарлық мағлұматтар да жетерлік. Мұражайдың қызметі өткенді есте сақтап, жеке құрамды, жастарды аға буынның өнегесінде, ерлік дәстүрінде тәрбиелеу, тәртіп сақшыларының беделін көтеру сияқты ізгі мақсаттарға арналған.

Кешегі милиция, бүгінгі полицияның тарихын білгіңіз келсе, мұражайға келіңіз.

СУРЕТТЕ: П.Г.Щедрин мұражайда экскурсия өткізуде.

● ЫРЫС КӨБЕЙСІН!

НЕСИЕ АЛЫП, төрт түлік мал өсірген



Бүркіт-Самал Тыныбаевтардың ісі жастарға үлгі

**Хамитбек
МҰСАБАЕВ**

Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Жанар Мұздаханова мен осы орталықтың бас маманы Мұратбек Әбдіков "Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламасы бойынша өткен жылы ауданымызда бір топ жастар мемлекеттен несие алып, төрт түлік мал өсіріп жатқаны туралы ризалықпен айтты. Олар сол жастардың арасынан Үрпек ауылдық округіне қарасты Ағаштыкөл ауылының тұрғындары ерлі-зайыпты Бүркіт Мырзағалиұлы, Самал Нағашыбайқызы Тыныбаевтардың жемісті еңбек етіп жатқанын үлгі етті.

Сонымен, келесі күні біз Ағаштыкөл ауылына барып, екі жас Бүркітпен, Самалмен жолықтық. Десе дегендей, олар – қой, ешкі, ірі қара мен жылқы малдарын өсіріп отыр екен. Өткен жылдың күзінде жоғарыда айтылған бағдарлама бойынша 2 400 000 теңге несие алып, оған 9 жылқы са-

рында ұйыған сыйластық мол. Бүркіттің әкесі Мырзағали Тыныбаев ақсақал 1929 жылы туған, кезінде тылда балада болса еңбек еткен. Өзінің тетелес ағасы Назармен бірге Ағаштыкөл ауылының барлық шаруасына қолқабыс жасаған. Соғыс аяқталған соң да, еңбек етіп, одан соң Әулиекөлдегі механизаторлар дайындайтын училищеде оқып, білім алып келіп, көп жыл Иманов атындағы совхозда механизатор болған. Кейін елімізде қой санын 50 миллионға жеткізу жөнінде ұран тасталғанда совхоз басшылары Мырзакеңді шопандыққа шығарыпты.

Бұл жұмыста да абырой арқаулаған Мырзакең әрдайым еңбектің алғы сапынан көрініпті. Осыдан 1-2 жыл бұрын сап-сау жүрген ақсақал қазір науқастанып қалыпты.

– Е, қарағым, біз не көрмедік. Соғыс басталғанда мен 12 жастағы бала едім. Ер-азаматтар майданға кеткен соң үлкен ақса-



ның батасы – қымбат қой. Шүкір, жаман емес, өз қатарластарының алды. Өте елгезек, қай уақытта болмасын кісіге көмектескісі келіп тұрады, тілім – тасқа! – дейді Мырзакең.

Біз Бүркіттің малын аралап көрдік. Қай малының болмасын күйі жақсы екен. Шөбі сарғыш болса да құнарлы да қызулы екені айтпай-ақ көрініп тұр.

– Алла қаласа, биелерімді үйретіп, қымыз өндірсек деп отырмыз. Бұл шаруаға зайыбым Самал өте ынталы. Қазір екі адама жұмыс беріп отырмын. Бір жұмысшым – Мейрам деген жас азамат. Ол да малды өзіммен бірдей бағып, қағып, жәрдемін жасауда.

өркендету жолына пайдаланды" – дейді. Әрине, біз Самал екеуіміз әкеміздің бұл сөзін толық қолдаймыз! – дейді Бүркіт.

Бүркіт пен Самалдың Аяғөз, Сағадат деген екі баласы бар екен. Аяғөз – Көкшетаудағы Ақан Сері атындағы Өнер колледжінің сурет бөлімінде оқып жүр екен.

Аяғөздің салған суреттері Бүркіттің үйінің төрінен орын алыпты. Соларды тамашалап, оның баласының өнеріне сүйсіндік. Ал екінші балалары Сағадат – Үрпек ауылының орталығындағы Жаңауыл орта мектебінде 8-ші сыныптың оқушысы көрінеді. Ол да өнерлі бала.

– Мен әуелде Арқалықтағы

білдірді.

– Бүркіт пен Самал ауылымыздың бетке ұстайтын жастарының бірі. Ағаштыкөл ауылындағы сайлау учаскесінің төрағасы. Биылғы Президент сайлауын өткізуге де жан-жақты дайындық жұмыстарын өткізуде. Ағаштыкөлде 18 отбасы бар. Солардың үйлерінің бәрін аралап, оларға Президенттікке үміткерлер туралы күнделікті баяндап отырады. Бүркіттің сайлау науқанына байланысты жүргізіп жатқан жұмыстары көңілден шығады. Ол бесаспап. Қолынан келмейтін шаруа жоқ. Үйін көрсеніз, көңіліңіз толады. Аудан орталығының өзінде ондай сәнді де жылы үйлер сирек болар деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда Бүркіт-Самал Тыныбаевтар ата көсібімізді өркендетуге көп үлес қосып келе жатқан жастар. Олар төрт түлік малдың игілігін де көріп отыр. Самалдың қолынан келмейтіні жоқ. Ұлттық тағамдарды қандай сапалы жасайды десеңізші?! Бұл жастарды біз әрдайым қолдаймыз. Бүркіт алған несиеден ертерек өтеп, тағы да несие алып, мал санын көбейтуге ниеттеніп отыр. Мұндай азаматтарды өзгелерге өнеге еткеніміз абзал! Бүркітке Үрпек ауылдық округінің халқы дән риза. Әкесі Мырзағали ақсақал да нағыз еңбек адамы болған кісі. Баласына, ауылдастарына ақылын айтып, еңбек етуге шақырып отырады, – дейді округ әкімі Ғалымжан Тұрлығұлұлы.

Әрине, ауданымызда сүттей ұйыған, тірлігі бекем жақсы отбасылар аз емес. Тыныбаевтар – сондай шаңырақтың бірі. Ауылдастары арасында сыйлы, атқарып отырған жұмыстарына адал, көрші-көлемге, ауылдастарына әрдайым көмек қолдарын созып отырады. Ата-бабадан жалғасқан қазақы мінез, салт-дәстүр – бұл шаңырақтың бақ-берекесі іспеттес. Аллатағала "Мен жақсылықты инабатты, иманды отбасыларға беремін" деген ғой. Бүркіттің болашағынан көп үміт күтуге болады. Оның ой-өрісі кең, таным-түсінігі жоғары. Ауылындағы Таңатар Ахметов, Минерал Оспанов секілді ағаларын өзіне үлгі етеді.

– Біздің ауданымызда Бүркіт пен Самал секілді іс бастап отырған жақсы азаматтар аз емес. Амандық болса, жер аяғы кеңіген соң олардың да жасап жатқан жұмыстарын көріп, халыққа таныстыратын боламыз. Әрине, БАҚ өкілдерінің көмегімен. Өз басым Бүркіт Мырзағалиұлының қазіргі жасап жатқан жұмыстарына дән ризамын! – дейді аудандық жұмыспен қамту орталығының бас маманы Мұратбек Сейілбекұлы Әбдіков.

Бір сөзбен айтқанда Бүркіт пен Самал Тыныбаевтар – қазіргі заманның талабына сай отбасы иелері. Оларды қай жағынан болсын үлгі етуге болады. Шаңырақтары шаттықты, еңбектері жемісті, ынтымақ-бірліктері келісті. Мемлекеттік бағдарламаға қатысып, іс бастауы ауданымыздың бос жүрген талай жастарына үлгі-өнеге деп білеміз.

СУРЕТТЕРДЕ: Бүркіт Тыныбаев Наурыз күні мерекесі қарсаңында "Қой жылы табысты жыл болсын" деп тұрған сәт; Бүркіттің әкесі тыл және еңбек ардагері, байырғы атақты механизатор, аға шопан Мырзағали Тыныбаев ақсақалдың баласы мен келіні Самалға берер ақыл-кеңесі мол; Бүркіттің жылқылары.



тып алыпты. Қазіргі таңда жеке меншіктерінде – 25 жылқы, 150 қой, 30 ірі қара бар екен. 25 жылқының 20-сы бие екен. Сол биелер қазір төлежіп тұрғанын көрдік.

Бүркіт – аңқылдаған ақ көңіл, елгезек азамат болып шықты. Қолынан іс келетіні көрініп тұр. Өткен жылы ауылдағы үйіне еврорөңдеу жасапты. Сол сияқты, мал қорасын да жақсылап жөндеп шыққан. Албар-шалылары да талапқа сай жасалған. Шөп қоры мол.

– Шөбім мол болғанымен сарғыш. Себебі шаруамен жүріп, пішенді ерте әзірлеуге қолым тимеді. Әйтпесе, тракторым да, орағым да бар. Енді Алла қаласа, биыл шөпті құнарлы етіп дайындап алмақпын. Шабындығым Көкөлең деген жерде. Ол Ағаштыкөлден 15 шақырым қашықтықта. Ал жайлауым Торғай жағасында, бір шеті – Құрайлымен шектеседі. Алған жеріміз төрт түлік мал өсіруге қолайлы, – дейді Бүркіт.

Бүркіттің зайыбы Самал Нағашыбайқызы – көршілес Жанкелдин ауданының Торғай ауылдық округінің қызы екен. Отбасыла-

қалдармен бірге колхоздың шаруасына кірістік. Ол кезде ішер ас, киер киім тапшы, жартылай ашжалаңаш жүріп қарт аталарымызбен бірге мал өсірдік.

Оқу оқи алмадық. Одан соң механизатор болдық. Сақылдаған сары аязда талай рет далада қалып, зардап шектік. Соның салдары болар былтырдан бері димкестанып қалдым. Бірақ Бүркітім мен келінім Самал мені алақандарына салып, аялап бағып отыр. Бәйбішем қайтыс болған. Сегіз баламның ішінде қолымда болғандықтан ба, Бүркітімнің орны ерекше. Үлкен қызым Гүлшара – Арқалықта, одан кейінгі Теміржаным – Астанада, Ақлимашым да сонда, Ақсулуым – өзіміздің Ағаштыкөлде тұрады, Розам мен Миранкүлім – Арқалықта, Гүлімім – Үрпекте. Аллатағала маған Самалдай жақсы келін сыйлады. Аталап, сыйлап тұрады. Бүркітім былтырдан бері талап қылып, өзімнің жолымды қуып, мал өсіруді бастады. Маған "Әке, ауылда тұрған соң бәрібір не бітіремін, несие алып, мал өсірейін" деді. Мен баламның мұнысына риза болып, қолымды жайып, ақ батамды бердім. Әке-



Бір жұмысшым Самалдың өзі. Жағдайымыз жаман емес. Жастарға қамқорлық жасап отырған Елбасымызға шексіз ризамыз! Ол кісінің Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткер болып ұсынылғанын теледидардан көріп, отбасымызбен қуандық. Әкем болса: "Қазақстанға Нұрсұлтаннан артық Президент жоқ. 24 жылдан бері елімізді ың-шыңсыз бағып-қағып, әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосамын деп тыным таппай жүр. Ойға да, қырға да барады. Олардағы жақсы істерді көріп, елімізді

қалалық кәсіптік-техникалық училищеде оқып, білім алдым. Техника тілін жақсы білемін. Жеке меншік жеңіл көлігім де бар. Әйелім екеуіміздің ынта-ықыласымыз бір жерден шыққан соң бар шаруамыз оңға басып келеді. Самал әруақыт мені қолдап отырады. Шаруа жағдайын жақсы біледі. Жалпы, көршілес Торғайдың қыздарының қай-қайсысы болмасын тұрмыс-тіршілікке икемді ғой! – деп жымияды Бүркіт.

Сұрастыра келгенде ауылдық округ әкімі Ғалымжан Жақыбаев та ол туралы жылы лебіз

● ДІНИҢ – ДІҢГЕГІҢ

Жат ағымды ажырата біл

Махаббат
БЕКБАЙ

Осыдан екі жыл бұрын діни басқарма жанында республикалық ақпараттық-насихаттық топ ашылған болатын. Оның мүшелері еліміздің өңірлерін аралап, кездесулер ұйымдастырады. Мақсат – қазақстандықтардың діни сауаттылығын арттырып, экстремизмнің не екендігін түсіндіру, отандастарымыздың етек жайып бара жатқан жат ағымдарға тартылуының алдын алу.

Жақында Қостанай қалалық мешіті қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты студенттері үшін Алматыдағы Нұр Мұбарак ислам мәдениеті университетінің ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері Жасұлан Жүсіпбеков дәріс оқыды.

Республикалық ақпараттық-насихаттық топ мүшесі Жасұлан



Жүсіпбеков Египетте оқып келген. Дін өкілінің айтуынша оның алған білімі ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрге және діни басқарманың ұстанымына сәйкес келеді. Сондықтан алған білімі өскелең ұрпақты теріс жолдан аман алып қалуға септігін тигізетіне сенімді.

Жастармен болған кездесуде исламның дұрыс әрі бұрыс жолдарын ажырата білудің қажеттігі сөз болды. Дінді желеу етіп, арам ойларын іске асырып жатқан жат ағымдар жайлы түсінік берілді.

Студенттер бұл мәселенің қазіргі таңда өзектілігін түсінсе керек, дәрісті зор ынтамен тыңдап, сұрақтарын қойып жатты.

Алдағы күндері Қостанай қалалық мешітінің қызметкерлері мұндай кездесулерді одан әрі жалғастырмақ. Облыс орталығындағы білім ордалары студенттерімен жүздесіп, жастардың діни сауаттылығын арттырмақ.

Суретті түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● КІТАП ӘЛЕМІНДЕ

Бүлдіршіндерге арналған

Алматыдағы "Аруна" баспасынан биылғы жылы жерлесіміз, "Алтын қалам" иегері Ақылбек Шаяхметтің "Менің Отаным" деп аталатын тағы бір кітабы жарық көрді. Бұл кітап та автордың бұдан бұрын жарияланған "Әліпби. Анаммен бірге оқып үйренемін" сериясы бойынша шыққан және 5-7 жасар балаларға арналған. Өлеңдер топтамасы әріптер

және дыбыстармен таныстырумен қатар буынға бөліп оқу дағдысын қалыптастырады.

Кітапта тақпақтармен қатар жұмбақтар, жаңылтпаштар және мақал-мәтелдерге де орын берілген. Суретші Бағдагүл Ералиева кітапшаны көркем безендірген. Аталған кітап Қостанай қаласындағы "Атамұра" кітап дүкеніне сатуға түсті.



● БӘРЕКЕЛДІ

"Горняк" – Қазақстан чемпионатының жүлдегері

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудныйлық "Горняк" хоккей командасы Атырауда өткен ел чемпионатынан қола жүлдемен оралды. Қосымша уақытта ғана атыраулық "Бейбарысты" ұтып, үздік үштіктің қатарынан көрінген жерлестерімізді жанкүйерлері ерекше сән салтанатпен күтіп алды.

"Горняк" командасының жанкүйерлері ойыншылармен кездесу үшін мұзды спорт сарайының алдына көптеп жиналды. Олар өткен маусымның, сондай-ақ жерлестеріміздің соңғы ойынын өңгімеге арқау етіп, өз таңданыстарын жасырған жоқ. Себебі "Горняк" өз мықтылықтарын тағы бір мәрте дәлелдеп, 3:2 есебімен атыраулық "Бейбарысты" сан соқтырды.

"Горняк" хоккейшілері соңғы рет мұндай табысқа Қазақстан чемпионатының 2007-2008 жыл-

дағы ойын маусымында жеткен болатын. Ол кезде екінші орынды иеленді. Жанкүйерлер асыға күткен жетістікке жерлестеріміз бас бапкер Евгений Зиновьевтің басшылығымен жетіп отыр.

Жеке құттықтаулар "Горняқтың" қақпашысы Антон Тодыковтың құрметіне де жолданды. Ол "Қазақстан чемпионаты маусымының үздік қақпашысы" номинациясында арнайы сыйлықты жеңіп алды. Плей-офф ойындарында әр түрлі жарақаттардың нәтижесінде команданың құрамы 8 спортшыға қысқарды. Алайда олар маусым бойы үздік спортшыларынан айырылса да, тек алға ұмтылып келді. Сондықтан да қола медаль команда үшін алтыннан да қымбат.

Сейсенбі күні команданың чемпионаттағы жетістігін ескерген облыстық хоккей федерациясының президенті Мұхамеджан Турдахунов спортшыларды құттықтап, алдағы маусымдағы ойындарына табыс тіледі. Ал сәрсенбіде "Горняк" хоккей құрамасы "ССКӨБ" АҚ Президенті Береке Мұхамедқалиевтың қабылдауында болып, бірінші басшының лебізін естіді.

"Карина С" ШҚ басшысы С.Омаровтың сенімді тұлғасы А.М.Кудербекова кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Фурманов селосының аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-282-072-041, өлшемі 305,0 га, 11.04.2049 ж. дейінгі мерзімге бөлінетін жер учаскесіне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізеді.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2015 жылғы 5 мамыр, сағат 11.00-де мына мекенжайда болады: Арқалық қаласы, Фурманов селосы, Ленин көшесі, 1. Өтінімдер 2015 жылғы 4 мамыр 16.00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол пос., Школьная көш., 52/2, тел.87078053724

Доверенное лицо Главы КХ "Карина С" Омаров С. Кудербекова А.М. в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного землепользования сроком до 11.04.2049 г. на делимый земельный участок мерою 305,0 га с кадастровым № 12-282-072-041, с целевым назначением - для ведения крестьянского хозяйства, расположенного на территории города Аркалыка, село Фурманово, Костанайской области.

Покупная цена вносится в течение 5 календарных дней после проведения торгов. Торги состоятся 05.05.2015 г. в 11ч.00 м. по адресу: город Аркалык, село Фурманово, улица Ленина, 1. Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 16.00 ч. 04.05.2015 г. По месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Костанайский район, пос. Затобольск, улица Школьная, 52/2, тел. 87078053724.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!



Мендіқара ауданы, Балықты ауылының тұрғыны **Зура Сапабекқызы** көп жылдан бері осы ауылда мұғалім болып еңбек етіп келе жатыр. Сәуір айының 23-жұлдызында 58 жасқа толғалы отыр. Осы күнге аман-есен жетіп, қуанышын тойлағалы отырғанын анасы және бауырлары шын жүректен құттықтайды. Көп жылғы еңбегінің бейнетімен бірге анасына тірек, бауырларына пана бола білген сүйікті де құрметті бауырымызды осы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Ғұмыр жасы ұзақ, деніне саулық тілейміз! Әрқашанда отбасымен бірге қызықты да мәнді күндері көп болсын демекпіз.

Тілек білдірушілер: анасы Бижамал және бауырлары.

С.К.Шубайдың сенімді тұлғасы А.М.Кудербекова кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина селосы аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-282-080-145, өлшемі 39,0 га, 21.09.2055 ж. дейінгі мерзімге, кадастрлік нөмірі 12-282-080-062, өлшемі 299,0 га, 29.03.2061ж. дейінгі мерзімге бөлінетін жер учаскелеріне; мақсаттық нысаны- дала қосы және онда орналасқан шаруашылық құрылыстарына қызмет көрсету және пайдалану үшін: қойма жалпы алаңы 154,8 ш.м., тұрғын үй жалпы алаңы 74,8 ш.м., соның ішінде пайдалы алаңы 51,4 ш.м., кадастрлік нөмірі 12-282-080-146, өлшемі 10,0 га 24.06.2055 ж. дейінгі мерзімге бөлінетін жер учаскесіне уақытша жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетінін хабарлайды. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2015 жылғы 5 мамыр, сағат 14.00-де мына мекенжайда болады: Арқалық қаласы, Родина селосы, Гагарин көшесі, 21. Өтінімдер 2015 жылғы 4 мамыр, 16.00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол пос., Школьная көшесі, 52/2, тел. 87078053724.

Доверенное лицо гр. Шубай С.К. Кудербекова А.М. в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного землепользования на делимые земельные участки:сроком до 21.09.2055 года мерою 39,0 га с кадастровым№ 12-282-080-145; сроком до 29.03.2061 года мерою 299,0 га с кадастровым №12-282-080-062 с целевым назначением для ведения крестьянского хозяйства; на делимый земельный участок сроком до 24.06.2055 года мерою 10,0 га с кадастровым номером 12-282-080-146, с целевым назначением - для эксплуатации и обслуживания полевого стана и находящиеся на нем хозяйственные постройки: склад общ.пл. 154,8 кв.м., жилой дом общ.пл.74,8 кв.м., в том числе полезной пл.51,4 кв.м., расположенные на территории города Аркалыка, село Родина, Костанайской области.

Покупная цена вносится в течение 5 календарных дней после проведения торгов. Торги состоятся 05.05.2015 г. в 14.00 ч по адресу: город Аркалык, село Родина, улица Гагарина, 21. Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 16.00 ч. 04.05.2015 г. По месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Костанайский район, пос. Затобольск, улица Школьная, 52/2 тел. 87078053724.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу



2014 жылы 26 сәуірде ойда-жоқта жалғыз бауырымыз, ақыл-шымыз, асқар тауымыз **ТӨЛЕШОВ Алмас Қабииұлынан** айырылып қалдық. Оның бұл дүниеден өткеніне бір жыл толады. Ағамыз үлкенге іні, кішіге қамқор болған еліне сыйлы абзал азамат еді.

Ағажаным, асылым, асқар тауым-ай, Өте шықты бұл өмір қас қағымда. Қыздарыңның қызығын көрер шақта, Сұм ажал жер қойнына тастады да, Бір жыл өтті, сен жоқсың арамызда, Сен едің ғой қамқоршы, панамыз да. Аңқылдаған ақ көңіл ағажан-ай, Қимастьқпен сізді еске аламыз да. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын деп, рухыңа құран бағыштаймыз. Иманың жолдас, орының жұмақтан болсын.

Еске алушылар: анасы, бауырлары, балалары, жан-жары – Айжан.

Қостанай қаласының координаттарына сәйкес
Мамыр айына намаз уақыттарының кестесі
Милади 2015 жыл - ниджри 1436 жыл

Ма-мыр	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінді намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
1	Жұма	4:10	6:10	13:42	18:50	21:23	22:58
2	Сенбі	4:08	6:08	13:41	18:51	21:25	23:00
3	Жексенбі	4:06	6:06	13:41	18:52	21:27	23:02
4	Дүйсенбі	4:04	6:04	13:41	18:54	21:28	23:03
5	Сейсенбі	4:02	6:02	13:41	18:55	21:30	23:05
6	Сәрсенбі	4:00	6:00	13:41	18:56	21:32	23:07
7	Бейсенбі	3:58	5:58	13:41	18:57	21:34	23:09
8	Жұма	3:57	5:57	13:41	18:58	21:35	23:10
9	Сенбі	3:55	5:55	13:41	18:59	21:37	23:12
10	Жексенбі	3:53	5:53	13:41	19:00	21:39	23:14
11	Дүйсенбі	3:51	5:51	13:41	19:01	21:40	23:15
12	Сейсенбі	3:49	5:49	13:41	19:02	21:42	23:17
13	Сәрсенбі	3:48	5:48	13:41	19:03	21:44	23:19
14	Бейсенбі	3:46	5:46	13:41	19:04	21:45	23:20
15	Жұма	3:44	5:44	13:41	19:05	21:47	23:22
16	Сенбі	3:43	5:43	13:41	19:06	21:49	23:24
17	Жексенбі	3:41	5:41	13:41	19:07	21:50	23:25
18	Дүйсенбі	3:40	5:40	13:41	19:07	21:52	23:27
19	Сейсенбі	3:38	5:38	13:41	19:08	21:54	23:29
20	Сәрсенбі	3:37	5:37	13:41	19:09	21:55	23:30
21	Бейсенбі	3:35	5:35	13:41	19:10	21:57	23:32
22	Жұма	3:35	5:35	13:41	19:10	21:57	23:32
23	Сенбі	3:33	5:33	13:41	19:12	22:00	23:35
24	Жексенбі	3:31	5:31	13:41	19:13	22:01	23:36
25	Дүйсенбі	3:30	5:30	13:41	19:13	22:02	23:37
26	Сейсенбі	3:29	5:29	13:41	19:14	22:04	23:39
27	Сәрсенбі	3:28	5:28	13:42	19:15	22:05	23:40
28	Бейсенбі	3:27	5:27	13:42	19:16	22:07	23:42
29	Жұма	3:26	5:26	13:42	19:17	22:08	23:43
30	Сенбі	3:24	5:24	13:42	19:17	22:09	23:44
31	Жексенбі	3:24	5:24	13:42	19:18	22:10	23:45

15/16 - Миграж түні

Ескерту:

Діни мақалалар мен видео, аудио уағыздарды, намаз оқып үйрену үлгісін, әлемдік, ел және аймақ жаңалықтары мен намаз уақыттары жайлы қосымша мағлұматтарды қазақ әрі орыс тілдерінде **akmechet.kz** - Қостанай облыстық "Марал ишан" мешітінің ресми сайтынан көре аласыз. Құрметті мұсылман бауырлар мен қарындастар! **akmechet.kz** сайтымызға кіру арқылы дініміздің таралуына өз үлестеріңізді қосыңыздар!

Облыстық "Қостанай таңы" газеті редакциясының ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, газетіміздің белсенді авторы және жана-шыры Сағындық Орынтаевқа жұбайы

Еркештің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● ЖАС ТҰЛПАР – 2015



үздік ұстазы" Әлпия Орманшина сарыкөлдiк Райгүл Үсенге: "Сен егер жақсылап iзденсең, сенен жақсы айтыскер шығады. Тiптi, сенiң республикалық деңгейге дейiн қатысуына да болады", деп ұстаздық ақылын айтты.

Мiнеки, осылайша төрде отырып төрелiк танытқан төралқалардың табанды шешiмiмен бас бейгенi Арқалықтың арқалы ақыны Айбар Рағатов қанжығасына байлады. I орын талай талантты ақындар мен баһадүр батырларды тудырған киелi жер – Аманкелдi ауданынан арнайы ат терлетiп келген Ернұр Әуезханға бұйырса, II орындарды тарандық Әсет Еркебұлан мен

Жыр төкті бала қырандар жүрегінен...

Қазақтың маңдайына біткен бірегей ұлт мақтаныштары – Бекет Өтетілеуов, Шоқан Уәлиханов, Ілияс Омаров, Жайсаңбек Молдағалиев, Жұмағали Ысмағұлов және академик Өмірзақ Сұлтанғазин сынды дарабоздарды дүниеге әкелген қасиетті Сарыкөл жерінде өткен жұма күні қазақтың алтын қазынасы – айтыс өтті. Яғни атадан балаға жалғасқан суырып салма төл өнеріміз төрге озған күні ақ түйенің қарны жарылды.

Руслан ӘЛКЕЕВ

Қазақылықтың иісін бұрқыратқан қасиетті өнер – айтыстың өтуіне Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет және білім басқармалары мұрындық болды. "Жас тұлпар" деген атаумен ұрандаған XXIII облыстық оқушылар жыр бейгесі – ағартушы ғалым, саяхатшы, этнограф, қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы мен қоғам қайраткері, белгілі ақын-жазушы Міржақып Дулатовтың 130 жылдығына арналды. Оған облысымыздың 3 қаласымен қатар, 11 ауданынан арнайы келген 20 үздік жас ақын қатысты.

Айтыс басталмас бұрын, алдымен, қазақтың биі орындалып, шашуы шашылды. Содан соң жас журналист, талантты ақын Нұрқанат Бұқбаев қоңыр үнімен айтыстың шымылдығын түріп, сахна төріне үміткерлерді шақырып, еділ қазылар алқасымен таныстырды. Бұл рәсімнен кейін облыстық мәдениет басқармасының бас маманы Роза Олжабаева мен аудан әкімінің орынбасары Елжан Тұрабековтер жас ақындарды жігерлендіріп, ақ тілектерін арнады. Жүрекжарды лебізден соң тағатсыздана тосқан сөз барымтасы да басталды.

Тай-құлындай тебісе жарысқан жыр бейгесінде қазылар алқасының шешімімен ең жоғары ұпай жинап, топтан озған жүйрік алты ақын финалға шықты. Яғни бетпе-бет келген Айбар мен Алтынбек, Әсет пен Райгүл, Ернұр мен Еркінғазы топ алдында қолма-қол суырып салып, қайымдасты. Балаң ақындардың сөзбен сілкілесуі өте әсерлі болды. Себебі,

ақындардың айла-тәсілі, шынайы шеберлігі осы сәтте көрінді. Бұл жерде тек тапқырлық таныта білген ақын ғана мәрелі жеңіске бір қадам жақындады.

Жалпы, көмейінен жыр төгілген талантты жас ақындар домбыраларын күмбірлетіп, киелі сахнаның сәнін кіргізді. Осылайша, өнерге сусап қалған өлең сүйер сарыкөлдiктерге рухани азық сыйлады. Талантты ақындарды тауып, төл өнерімізді насихаттап, шыңдау мақсатында ұйымдастырылған облыстық оқушылар айтысы туралы қазылар алқасының төрағасы, ақын-жазушы Ғұмар Ахметчин:

– Бұл айтысты осыдан 23 жыл бұрын алғаш рет Наурызым ауданында өткізген едік. Содан бергілерден бүгінгінің бір ерекшелігі – ең көп ақындар қатысуында. Осы айтысты ұйымдастырып, басы-қасында жүрген біздің Салтанат деген қарындасымыз бар, ол айтысқа 5-сыныптан бастап қатысқан қыздарымыздың бірі. Сол секілді танымал таланттар алғаш рет дәл осы мектептен өткен. Менің айтайын дегенім, бүгінгі бала ақындар да болашақта солардың жолын жалғайтын болады. Өздеріңіз көргендей, бүгінгі жас ақындардың ішінде төртінші сынып оқушылары да бар. Бірақ біз барлығына бірдей талап қойдық. Солардың бәрін бөліп-жармай бағалау біздерге өте қиын болды. Жалпы, айтыс жаман өткен жоқ деп ойлаймын. Бірінші жұптан соңғы жұпқа дейін бүгінгі берілген тақырыптар жақсы өрілді. Қысқасы, бізді өте қуантты, – деп өз бағасын берді.

Ал, ақын, Қазақстанның мәдениет қайраткері, "Жас ақындардың

алтынсариндік Арманбек Әбілманап еншіледі. Ал, III орынға тағы да аманкелділік талантты ақын Еркінғазы Айтбаев және саф алтындай Сарыкөлдiң намысын қорғаған Райгүл Үсен табан тіреді. Қатысушылардың барлығына да арнайы дипломдар мен ақшалай сыйлықтар тапсырылды. Сонымен қатар, ұлы ғалым Ш.Уәлиханов атындағы арнайы жүлде ерекше көзге түскен Меңдіқараның мақтанышы Мая Орыналыға берілсе, ал көрнекті ақын-жазушы М.Дулатов атындағы жүлдеге қасиетті Жанкелдин ауданынан келген жас жүйрік Олжас Қапан лайық деп табылды. Сондай-ақ, қазылар алқасының арнайы Алғыс хатымен талай додада топжарған айтыскер ақын, бүгінде шәкірттер баулып жүрген майталман ұстаз Мамай Ізтілеуов марапатталды. Қазақтың төл өнеріне, ақынға деген құрмет мұнымен шектеліп қалған жоқ. Ауданымыздың бас имамы Дәулетбай қажы Әбдіхалық "Аққозы қажы" мешіті атынан дайындаған кәдесыйларын, яғни пәле-жаладан сақтайтын дұғалар жазылған қабырға суреттерін арқалықтық Айбар Рағатовқа, жігітқаралық Темірлан Әбдіғалиевке және тарандық Алматы Серкешевтерге сыйлады. Сонымен қатар, аудан әкімі Эльдар Күзенбаевтың атынан аудан әкімінің орынбасары Елжан Тұрабеков айтыс аламында алғаш рет тұсауын кескен сарыкөлдiк Райгүл Үсенге ақшалай сыйлық тарту етті.

"Жас тұлпар" айтысының бергені де, берері де мол. Әсіресе, оның әр аймақта өтуіне облыстық мәдениет басқармасы жанындағы халық шығармашылығы орталығының директоры Мұрат Сейілов қомақты үлесін қосып келеді. Дәл осы додадан қанат қашқан Марғұлан Оспанов, Салтанат Өтелбаева, Балтасар Ізтілеуов, Тоба Өтелбаевтар қазіргі таңда талантты айтыскер ақындарға айналды, небір дүбірлі додаларда халықтың сенімін арқалап, аймақтың намысын қорғап жүр.

Сарыкөл ауданы.

СУРЕТТЕ: айтыстан көрініс.



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3. Бағасы келісім бойынша.

Бірлік бар жерде...



1-бет

Сондықтан да мемлекетіміздегі ел тұтастығы мен татулығының нәтижесі – мемлекетіміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық табысты қарыштап өсуінің негізгі құндылығы болып табылады. Бірлігі бекем елдің келешегі де кемел деген осы емес пе.

– Бүгінгі фестиваль – татулықтың бірліктің, ынтымақтың белгісі. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясына жиырма жыл толып отыр. Фестиваль арқылы студент жастарымыздың бойына патриотизмді, өз еліне деген сүйіспеншілікті сіңіру, бір-бірімізбен тығыз өзара байланыста жұмыс істеу, тәрбиелік жағынан маңызы зор болса, фестиваль екінші жағынан еліміздің, облысымыздың жетістіктерін паш етеді. Біздің халқымызда жақсы, игі дәстүр бар, наурыз айы келгенде бұлақ көзін ашып, ағаш көшеттерін отырғызу деген. Міне, осы ағаш көшеттерін отырғызу ұсынысын фестиваль аясында айтпақ ойымыз бар. Облысымыздағы әрбір жоғары оқу орындары өздерінің ғимараттарының маңына ағаш көшетін отырғызып, оны Ассамблея аллеясы деп атаса, осы игі іс арқылы студент жастарымыздың, қала тұрғындарының демалуына және де жан-жағымызды көріктендіруге, абаттандыруға өз үлесімізді қоспақпыз, – деді бізге А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ректоры Асқар Наметов.

Салтанатты фестивальдің ашылуында Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы төрағасының орынбасары-хатшылық меңгерушісі Бағытұр Дәндібаев, М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің ректоры С. Есмұратов және басқалар сөз сөйледі. Олар өз сөздерінде еліміздің осындай жетістіктерге жетуі, тату-тәтті, бейбіт өмір сүруі – ең алдымен ынтымақ пен бірлікте екенін айтып кетті.

– Бүгінде барлығымыз бір атаның баласындаймыз. Өңірімізде тұрып жатқан өзге ұлт пен ұлыс өкілдері кезінде өздерінің ықтиярынсыз Тобыл өңіріне келді. Еліміздің халқы бір жапырақ нандарымен бөлісті. Сондықтан татулық пен бірлігімізді одан әрі нығайта түсуіміз керек. Бүгінгі жастар білімді, соны кәсіпті игеруші, еліміздің алдыңғы қатарында болуға тиіс, – деді Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы төрағасының орынбасары-хатшылық меңгерушісі Бағытұр Дәндібаев.

СУРЕТТЕ: фестивальден көрініс.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

"Балалық шақтың шегі жоқ"

Гүлназым САФИТОВА

Міне, осындай атпен Қостанай қаласындағы балалар шығармашылығы үйінде өнер фестивалі болып өтті. Үстіміздегі жылғы фестивальдің ерекшелігі сол, оған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар, арнайы түзеу мектептері және мектеп интернаттарының тәрбиеленушілерімен қатар мүмкіндігі шектеулі өнерлі балалар, яғни үйде оқып, білім алатын, аутизм диагнозы бар, Дауна ауруымен ауыратын балалар болды. Облыстық білім департаменті мамандарының айтуы бойынша, фестивальдің басты мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі балалар-

ды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды, арнаулы түзеу мектеп-интернаттарының өнерлі талантты тәрбиеленушілерін әлеуметтік жағынан қолдау, оларды шығармашылыққа және өнерге талпындыру. Шара барысында қатысушылар би билеп, ән шырқады. Түрлі саз аспаптарында ойнап, сурет салды. Бұған қоса "Сурдо аударма өніні орындау", "Сәндік-қолданбалы шығармашылық" номинациялары бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Ең үздік деп танылған өнерпаздар Астана қаласында өтетін мүмкіндігі шектеулі балалар шығармашылығына арналған "Жұлдызай – 2015" республикалық фестивальға қатысады.

Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Социологиялық зертеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88

Таралымы 11453. Тапсырыс 829.

Нөмірдің кезекші редакторы: Қарлығаш ОСПАНОВА.